



«Самұрық-Қазына» АҚ 2014 жыл ішіндегі
қаржылық есептілігінің егжей-тегжейлі
талдамасы

Астана, 2015 жыл

Мазмұны

1. Қор тобына шолу.....	3
2. Операциялық қызметтің нәтижелері	5
2.1 Шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер.....	5
2.2 ... ЕДБ-сіз шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер.....	6
2.3 ... 2014 жылдың бірінші жарты жылдығы ішіндегі сегменттер бөлінісіндегі қаржылық көрсеткіштер және күрделі шығындар.....	8
2.3.1. «Мұнай-газ» сегменті	8
2.3.2. «Тау-кен өнеркәсіп» сегменті.....	14
2.3.3. «Тасымалдау» сегменті.....	18
2.3.4. «Энергетика» сегменті.....	24
2.3.5. «Телекоммуникация» сегменті	30
2.3.6. «Қаржы және даму институттары» сегменті.....	34
2.3.7. «Корпоративтік орталық және жобалар» сегменті.....	36
3. Өтімділік	37
3.1 Ақша қаражатының қозғалысын талдау	37
3.2 . Қаржылық тұрақтылықты талдау	38

«Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор) қаржылық есептілігінің егжей-тегжейлі талдамасы (бұдан әрі – ҚЕЕТ) ақпаратты ашу, қызметінің ашықтығын арттыру, Қор тобының есепті кезеңдегі қаржылық жағдайын және тиісінше қызметінің нәтижелерін түсіну мақсатында Қордың 2014 жыл ішіндегі аудиттелген шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігіне қосымша дайындалды.

1. ҚОР ТОБЫНА ШОЛУ.

Қор қр Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығына сәйкес «Қазына» орнықты даму қоры» ЖӘНЕ «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» акционерлік қоғамДАРын біріктіру жолымен құрылды.

Қор өз қызметін 2013 жылғы 25 мамырдағы №516 өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР Үкіметінің 14 қыркүйектегі №1202 қаулысымен бекітілген Қордың 2012-2022 жылдарға арналған даму стратегиясына сәйкес жүзеге асырады.

Қор тобы өз қызметін мынадай үш стратегиялық бағыттар бойынша жүзеге асырады:

1. Компаниялардың ұзақ мерзімді құнын арттыру;
2. Ұлттық экономиканы әртараптандыруға және жаңғыртуға қатысу;
3. Әлеуметтік жауапкершілік.

Қордың Жалғыз акционері ҚР Үкіметі болып табылады.

Инвестициялық және операциялық қызмет тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету үшін Қор өз қызметінің және бақыланатын қоржын компаниялар қызметінің ауқымды өзгерістері бағдарламасын – Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 17 қыркүйектегі № 113 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ трансформациялау бағдарламасын әзірледі.

Қор тобының құрылымына мынадай сегменттер бойынша топтастырылған экономиканың негізгі секторларындағы компаниялары кіреді:

- Мұнай-газ;
- Тау-кен өнеркәсібі;
- Тасымалдау;
- Телекоммуникациялар;
- Энергетика;
- Корпоративтік орталық және жобалар.

2013 жылғы 1-тоқсанның бастап Қор 471 711 млн.теңге сомасындағы қаржы институттарын және даму институттарын тануды тоқтаты және олардың Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Акционермен жасалған өзге де операциялар ретінде шығуын көрсетті. Бұл ретте, 2013 жылғы шілдеде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 қаулысын іске асыру мақсатында Қор және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті айырбас шартына қол қойды, оған сәйкес қаржы институттары мен даму институттарындағы акциялар пакеттеріне және қатысу үлестеріне меншік құқықтары көрсетілген қаулыда ұсынылған тізбеге сәйкес республикалық мүлікке айырбасқа республикалық меншікке берілді.

Қор тобына 593 компания (2013 ж.: 599 компания), оның ішінде: «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік орталығы, «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік орталығының 24 еншілес компаниясы, 347 еншілес компания, 221 Қор тобының қауымдасқан және бірлескен компаниялары мен қаржылық инвестициялары кіреді.

2014 жыл ішіндегі шоғырландырылған қаржылық есептілікке 24 еншілес ұйым енгізілген. 2013 жылмен салыстырғанда екінші деңгейдегі банктердің шығуы (3 бірлік) және «Қазақстан атом электр станциялары» АҚ және «Air Kazakhstan» әуе компаниясы» АҚ екі жаңа еншілес ұйымның қосылуы салдарынан еншілес ұйымдардың саны азайды.

Қор тобының қызметіне 2014 жылдың ішінде мынадай макроэкономикалық көрсеткіштер де әсер етті.

Атауы	2014 ж.	2013 ж.	Өзгеріс, %-бен
ЖІӨ нақты өсімі, %-бен	104,3	106,0	-1,6
Кезеңнің соңындағы инфляция, %	7,4	4,8	54,2
Теңгенің долларға айырбас бағамы	182,35	152,13	19,9
Есепті кезеңде орта есеппен Brent мұнайына әлемдік баға, АҚШ доллары/баррель	99,0	108,9	-9,1

Қордың 2014 жыл ішіндегі шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес 2013 жыл ішіндегі қызмет қорытындылары бойынша Акционерге 9,1 млрд.теңге мөлшерінде дивидендтер төленді.

Бұдан басқа ҚЕХС сәйкес есепті кезең ішінде Акционерге өзге де бөлу 94 млрд. теңгені (2013 ж.: 147,5 млрд.теңге) құрады, атап айтқанда:

1) ҚР Үкіметінің өкімі бойынша әлеуметтік, мәдени-көпшілік және спорт іс-шараларын қаржыландыру үшін 33,3 млрд. теңге сомасына (2013 ж.: 8,9 млрд.теңге) қайырымдылық көмек көрсетілді, атап айтқанда: Сочи қаласындағы 2014 жылғы қысқы Олимпиада ойындарында спортшыларға қолдау көрсету және оларды ілгерілету және қазақстандық делегацияның сапары бойынша имидж іс-шараларын өткізу, VII Астана экономикалық форумын өткізу, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңесін өткізу, 2014 жылы өртке қарсы құтқару спорты бойынша 10 әлем чемпионатын қаржылық қамтамасыз ету, «Назарбаев Университет» ДББҰ, «Астана қаласының Футбол федерациясы» ЗТҰ» Қазақстан футбол федерациясы қауымдастығы» ЗТҰ қаржыландыру үшін; «Астана» Президенттік кәсіпқой спорт клубына арналған («Астана» велокомандасының, «Барыс» ХК, «Астана» ФК, футбол федерациясының қызметін қамтамасыз ету үшін) жобаларды ұстау және дамыту; Алматы облысында ауыр атлеттерге арналған мамандандырылған спорт-жаттығу базасының құрылысын, 2022 жылы Алматы қаласында Қысқы Олимпиада ойындарын өткізу құқығына өтінім беру компаниясын, «Халықтық IPO» бағдарламасына қатысу шарттары мен тәртібін түсіндіру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру;

2) құрылыс салу және объектілерді пайдалануға беру шеңберінде:

- құрылысқа арналған тиісті қосымша шарт сомасына тең 23,6 млрд.теңге сомасына көп функционалды мұз сарайын салу бойынша Акционер алдындағы күші жойылмайтын қосымша міндеттеме қабылданды;

- 10,8 млрд. теңге сомасына Концерт залының (Хореография театры) құрылысын қаржыландыру бойынша Акционер алдындағы күші жойылмайтын қосымша міндеттеме қабылданды;

- Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы келісімге сәйкес, Қор Қырғыз Республикасында мектептер салуға 1,2 млрд.теңге мөлшерінде қаражат бөлді;

- Астана қаласында бала бақшаларын және «Жастар» сарайын салуға тиісінше 2,54 млрд.теңге және 1,1млрд.теңге мөлшеріндегі резерв танылды;

- Мәскеу қаласындағы Көрме орталығын қайта жөндеуге 2,9 млрд.теңге мөлшерінде резервтің және Астана қаласында Қазақстан тарихы мұражайын салуға 2,1 млрд.теңге мөлшеріндегі резервтің бастапқы күші жойылды;

- Маңғыстау облысының әкімдігіне 0,3млрд.теңге сомасындағы әлеуметтік бағыттағы объектілерді өтеусіз беру жөніндегі міндеттемелер қабылданды.

1) «Қазақтүркмұнай» ЖШС (ҚТМ) қатысу үлесінің 49% сатып алудың Акционердің тапсырмасы бойынша жүргізілгенін назарға алына отырып, сатып алу құны мен ҚТМ таза активтерінің әділ құнының, сондай-ақ жалпы сомасы 26,9 млрд.теңге қатысу үлесінің бұрын болған 51% қайта бағалау сомасының арасындағы айырма көрсетілді.

Тұтастай алғанда Қор компанияларының тобы бойынша 2014 жылы 1 048 млрд. теңге сомасына салықтар мен төлемдер төленді, бұл 2013 жылмен салыстырғанда 15% және 2012 жылмен салыстырғанда 30% артық.

Қор тобының теңгерімдік құны 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 16 638 млрд.теңгені, меншікті капитал 8 132 млрд.теңгені құрайды.

Төменде Қор тобында іске асырылатын инвестициялық жобалардың салалық құрылымы көрсетілген:
(млрд. теңге)

Сегмент	Ағымдағы инвестициялық қоржын							
	Қоржын жобаларының жалпы саны		Іске асырылатын жобалар		Іске асырылған жобалар		Перспективалық жобалар	
	саны	сомасы	саны	сомасы	саны	сомасы	саны	сомасы
Мұнай-газ	16	12 605	14	12 581	0	-	2	23
Химия	11	400	6	384	1	16	1	304
Тасымалдау	22	673	15	652	5	235	2	345
Телекоммуникация	10	167	9	107	0	-	1	60
Энергетика	29	852	23	695	0	-	6	156
Тау-кен өнеркәсібі	23	652	1	5	1	77	21	570
Атом саласы	12	4 597	5	4 523	2	47	5	27

Сегмент			Ағымдағы инвестициялық қоржын					
	Қоржын жобаларының жалпы саны		Іске асырылатын жобалар		Іске асырылған жобалар		Перспективалық жобалар	
	саны	сомасы	саны	сомасы	саны	сомасы	саны	сомасы
Машина жасау	4	13	2	9	2	4	0	-
Өзгелері (СҚЖҚ, СҚИ)	21	1 784	17	1 663	0	-	4	121
ЖИЫНЫ	148	21 741	92	20 620	11	379	42	1 606

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ.

2.1 Шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер.

Атауы	Өлш. бірлігі	2014 жыл	2013 жыл	Ауытқу (+/-)	Өзгеріс, %-бен
Шоғырландырылған таза пайда	млрд. теңге	234.5	439.8	-205.3	-46.7
Негізгі компания Акционерінің үлесіне шоғырландырылған таза пайда	млрд. теңге	271.5	407.2	-135.7	-33.3
EBITDA margin ¹	%	19.6	21.0	-1.4	-6.5
ROA ²	%	1.5	2.9	-1.4	-49.0
ROE ³	%	3.0	5.9	-2.9	-49.1

Факторлар	Өзгерістер, млрд. теңге
ЕДБ-мен таза пайда (2014 жыл үшін 234,5 млрд. теңге; 2013 жыл үшін 439,8 млрд. теңге)	- 205,3
оның ішінде негізінен мыналарға байланысты:	
«БТА Банк» тоқтатылған қызметінен шығындардың азаюы (137,0) млрд. теңге , «Альянс Банк» (51.4) млрд. теңге , «Темірбанк» (26,0) млрд. теңге , өзгелері (3,6) млрд. теңге ;	218,0
ЕМАЭС-1-дегі үлесті қайта бағалау	74,5
Таза кірістің азаюына байланысты ЕДБ корпоративтік табыс салығының азаюы	73,0
Мынадай сомадағы құнсыздану: (257) млрд. теңге – ҚМГ БӨ (ӨМГ) - 196,6 млрд. теңге , ҚТО - 12.6 млрд. теңге , КМГИ - 44.5 млрд. теңге , басқа ЕҰ - 3,3 млрд. теңге ; (25,8) млрд. теңге - КМГИ гудвилінің құнсыздануы; (75,9) млрд. теңге ЕМАЭС – 1 гудвилінің құнсыздануы; 49,7 млрд. теңге – «Қазцинк» ЖШС инвестицияларының құнсыздануынан шығынның азаюы; 5,9 млрд. теңге - өзгелері	- 303,0
ҚР Президентінің тапсырмасы бойынша 1 сәуірден бастап өндірістік персоналдың жалақысын индекстеу, 1 сәуірден бастап ҚМГ БӨ және АНС ЕСОТ енгізу, ҚТО және ҚТГ бойынша жаңа бизнес-бірліктердің құрылуына байланысты адам санының ұлғаюы	- 92,8
үлестік кірістің азаюы: (12,2) млрд. теңге , екінші жартысы сатып алынған күннен бастап ЕМАЭС -1 толық шоғырлануына байланысты; (3,9) млрд. теңге ЕМАЭС – 2, сату көлемінің азаюына байланысты;	- 89,2

¹ EBITDA margin = ((сатудан түсетін кірістер және пайыздық кірістер, барлығы – Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар – Жалпы және әкімшілік шығыстар – Тасымалдау және сату жөніндегі шығыстар) + (Сатудың өзіндік құнында, жалпы әкімшілік шығыстарда және тасымалдау және сату жөніндегі шығыстарда ескерілетін негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы))/ Сатудан түсетін кірістер және пайыздық кірістер, барлығы.

² ROA = Таза кіріс / Жыл ішіндегі орташа активтер

³ ROE = Таза кіріс / Жыл ішіндегі орташа меншікті капитал

Факторлар	Өзгерістер, млрд. теңге
• (18,5) млрд. теңге, «Қазақстан-Қытай Құбыржолы» ЖШС жүк айналымының азаюы нәтижесінде; • (12,2) млрд. теңге, «Бейнеу-Шымкент» ЖШС бағам айырмасы нәтижесінде; • (9,6) млрд. теңге «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС мұнай өндірудің азаюы және мұнай сату көлемін экспорттан ішкі нарыққа қайта бағыттау; • (9,0) млрд. теңге, «ЦОУ» ЖАҚ 2014 жылдың 4-тоқсанында рубль бағамының төмендеуінен валюталық міндеттемелер бойынша бағам айырмасы себебі бойынша; • (7,8) млрд. теңге, «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС айырбастау бағамының өзгеруі нәтижесінде; • (4,4) млрд. теңге, «Қазцинк» АҚ 2014 жылғы ақпанда теңге девальвациясының салдарынан бағам айырмасынан және кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің есептелуінен болатын шығынмен түсіндіріледі; • (3,6) млрд. теңге «КАТКО» БК ЖШС ; • (8.0) млрд. теңге өзгелері	
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес ұйымдарының шығуынан кірістің азаюы;	- 22,9
ЭКБ ставкасының өсуі, 60-тан 80 АҚШ доллары/ тонна дейін;	- 16,7
Айырбастау бағамының өзгеруі нәтижесінде қаржы шығындарының ұлғаюы;	- 11,9
Өзгелері	- 34,2

Есепті кезеңнің ішінде қызмет тиімділігінің негізгі көрсеткіштері.

Қор тобының 2013 жылмен салыстырғанда 2014 жылғы операциялық қызметінің тиімділігі.

Атауы	Өлшем бірлігі	2014 ж.	2013 ж.	Ауытқу (+/-)	Өзгеру %-бен
EBITDA margin ⁴	%	19.6	21.0	-1.4	-6.5
Операциялық коэффициент	%	2.6	10.8	-8.3	-76.3
Жалпы кіріс коэффициенті	%	26.1	28.0	-1.9	-6.7
Қызметтің рентабельділігі	%	4.7	9.6	-4.9	-50.7
Қорлар айналымы кезеңі	күндер	33	38	-4.5	-11.9
Дебиторлық берешекті өтеу кезеңі	күндер	28	28	0.5	1.8
Кредиторлық берешекті өтеу кезеңі	күндер	71	69	2.6	3.8

Қор тобында 2013 жылмен салыстырғанда 2014 жылы активтерді пайдалану тиімділігі.

Атауы	Өлшем бірлігі	2014 ж.	2013 ж.	Ауытқу (+/-)	Өзгеру %-бен
Активтер рентабельділігі(ROA)		1.5	2.9	-1.4	-49.0
Қор қайтарымдылық		0.7	0.8	-0.1	-12.5
Негізгі құралдар мен барлау және бағалау активтерінің айналымдылығы		0.7	0.8	-0.1	-12.6
Негізгі құралдардың тозу коэффициенті	%	5.0	4.8	0.1	2.6
Активтер айналымы кезеңі	күндер	116	118	-2.1	-1.8
Негізгі құралдар айналымы кезеңі	күндер	247	283	-35.3	-12.5

Қор тобында 2013 жылмен салыстырғанда 2014 жылы капитал құрылымының тиімділігі.

Атауы	Өлшем бірлігі	2014 ж.	2013 ж.	Ауытқу (+/-)	Өзгеру %-бен
-------	---------------	---------	---------	--------------	--------------

⁴ EBITDA margin = ((сатудан түсетін кірістер және пайыздық кірістер, барлығы – Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар – Жалпы және әкімшілік шығыстар – Тасымалдау және сату жөніндегі шығыстар) + (Сатудың өзіндік құнында, жалпы әкімшілік шығыстарда және тасымалдау және сату жөніндегі шығыстарда ескерілетін негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы))/ Сатудан түсетін кірістер және пайыздық кірістер, барлығы.

Меншікті капиталдың	%	3.0	5.9	-2.9	-49.1
ROACE	%	3.3	4.8	-1.5	-31.1
Таза айналымдық капитал	млрд. теңге	1 738	1 546	191.7	12.4

2.2 ЕДБ-сыз шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер.

Қор туралы заңға сәйкес екінші деңгейдегі банктер (ЕДБ) Қордың тобына кірмейді, осыған байланысты, төменде ЕДБ ескерілмеген шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер туралы ақпарат келтіріледі

Атауы	Өлшем бірлігі	2014 ж.	2013 ж.	Ауытқу (+/-)	Өзгеру %-бен
ЕДБ-сыз шоғырландырылған таза пайда	млрд. теңге	332.3	719.4	-387.1	-53.8
ЕДБ-сыз Негізгі компания акционерінің үлесіне шоғырландырылған таза пайда	млрд. теңге	333.7	653.8	-320.1	-49.0
EBITDA margin ЕДБ-сыз	%	20.1	21.3	-1.2	-5.5
ROA ЕДБ-сыз	%	2.1	5.0	-2.9	-57.3
ROE ЕДБ-сыз	%	4.3	9.8	-5.5	-56.3

Қор тобы операциялық қызметінің тиімділігі

Атауы	Өлшем бірлігі	2014 ж.	2013 ж.	Ауытқу (+/-)	Өзгеру %-бен
EBITDA margin ⁵	%	20.1	21.3	-1.2	-5.5
Операциялық пайда коэффициенті	%	3.3	11.3	-8.0	-70.5
Жалпы кіріс коэффициенті	%	26.6	28.4	-1.7	-6.1
Қызметтің рентабельділігі	%	6.8	15.7	-8.9	-56.7
Қорлардың айналым кезеңі	күндер	33	35	-1.4	-3.9
Дебиторлық берешекті өтеу кезеңі	күндер	28	28	0.6	2.2
Кредиторлық берешекті өтеу кезеңі	күндер	71	67	4.7	7.1

Қор тобында активтерді пайдалану тиімділігі.

Атауы	Өлшем бірлігі	2014 ж.	2013 ж.	Ауытқу (+/-)	Өзгеру %-бен
Активтердің рентабельділігі (ROA)		2.1	5.0	-2.9	-57.3
Қор қайтарымдылық		0.7	0.8	-0.1	-12.9
Негізгі құралдардың тозу коэффициенті	%	5.0	4.9	0.1	2.4

Қор тобында капитал құрылымының тиімділігі.

Атауы	Өлшем бірлігі	2014 ж.	2013 ж.	Ауытқу (+/-)	Өзгеру %-бен
Меншікті капиталдың рентабельділігі	%	4.3	9.8	-5.5	-56.3
ROACE	%	4.0	7.2	-3.2	-44.4
Таза айналымдық капитал	млрд. теңге	1 772	1 842	-69.8	-3.8

⁵ EBITDA margin = ((сатудан түсетін кірістер және пайыздық кірістер, барлығы – Сатудың өзіндік құны және пайыздық шығыстар – Жалпы және әкімшілік шығыстар – Тасымалдау және сату жөніндегі шығыстар) + (Сатудың өзіндік құнында, жалпы әкімшілік шығыстарда және тасымалдау және сату жөніндегі шығыстарда ескерілетін негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы))/ Сатудан түсетін кірістер және пайыздық кірістер, барлығы.

Төменде 2013 жылмен салыстырғанда 2014 жыл ішіндегі *таза пайда* өзгеруінің негізгі факторлары келтіріліп отыр

Факторлар	Өзгеру, млрд. теңге
ЕДБ-сыз таза пайда (2014 жыл үшін 332.3 млрд. теңге; 2013 жыл үшін 719,4 млрд. теңге)	<u>-387,1</u>
оның ішінде негізінен мыналарға байланысты:	
ЕМАЭС – 1 қайта бағалау	74,5
Таза кірістің азаюына байланысты ЕДБ корпоративтік табыс салығының азаюы	73,0
Мына сомада құнсыздану: • (257) млрд. теңге – ҚМГ БӨ (ӨМГ) - 196,6 млрд. теңге , ҚТО - 12.6 млрд. теңге , КМГИ - 44.5 млрд. теңге , басқа ЕҰ - 3,3 млрд. теңге ; • (25,8) млрд. теңге - КМГИ гудвилінің құнсыздануы; • (75,9) млрд. теңге ЕМАЭС – 1 гудвилінің құнсыздануы; • 49,7 млрд. теңге – «Қазцинк» ЖШС инвестицияларының құнсыздануынан шығынның азаюы; • 13,2 млрд. теңге – өзгелері.	- 295,7
ҚР Президентінің тапсырмасы бойынша 1 сәуірден бастап өндірістік персоналдың жалақысын индекстеу, 1 сәуірден бастап ҚМГ БӨ және АНС ЕСОТ енгізу, ҚТО және ҚТГ бойынша жаңа бизнес-бірліктердің құрылуына байланысты адам санының ұлғаюы	- 92,8
Үлестік кірісті азайту: • (12,2) млрд. теңге, екінші жартысы сатып алынған күннен бастап ЕМАЭС -1 толық шоғырлануына байланысты; • (3,9) млрд. теңге ЕМАЭС – 2, сату көлемінің азаюына байланысты; • (18,5) млрд. теңге, «Қазақстан-Қытай Құбыржолы» ЖШС жүк айналымының азаюы нәтижесінде; • (12,2) млрд. теңге, «Бейнеу-Шымкент» ЖШС бағам айырмасы нәтижесінде; • (9,6) млрд. теңге «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС мұнай өндірудің азаюы және мұнай сату көлемін экспорттан ішкі нарыққа қайта бағыттау; • (9,0) млрд. теңге, «ЦОУ» ЖАҚ 2014 жылдың 4-тоқсанында рубль бағамының төмендеуінен валюталық міндеттемелер бойынша бағам айырмасы себебі бойынша; • (7,8) млрд. теңге, «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС айырбастау бағамының өзгеруі нәтижесінде; • (4,4) млрд. теңге, «Қазцинк» АҚ 2014 жылғы ақпанда теңге девальвациясының салдарынан бағам айырмасынан және кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің есептелуінен болатын шығынмен түсіндіріледі; • (3,6) млрд. теңге «КАТКО» БК ЖШС;	- 87,9
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес ұйымдарының шығуынан кірістің азаюы;	- 22,9
ЭҚБ ставкасының өсуі, 60-тан 80 АҚШ доллары/ тонна дейін	- 16,7
Айырбастау бағамының өзгеруі нәтижесінде қаржы шығындарының ұлғаюы;	- 19,4
Өзгелері	0,8

2.3 2013 жыл ішіндегі сегменттер бөлінісіндегі қаржылық көрсеткіштер және күрделі шығындар.

Төменде ұсынылған сегменттік талдау еншілес ұйымдар даму жоспарларының орындалуы туралы есептерден және есепті кезең және 2013 жыл ішіндегі шоғырландырылған қаржылық есептердің деректерінен алынған өндірістік көрсеткіштердің негізінде жүргізілді.

2.3.1 «Мұнай-газ» сегменті.

Осы сегмент көмірсутегілерін барлау, өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау саласында жұмыс істейтін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мұнай-газ секторындағы мүдделерін білдіретін ұлттық мұнай-газ компаниясы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) компаниясымен ұсынылады.

Қор ҚМГ-ның жалғыз акционері болып табылады. ҚМГ құрылымына 9 деңгейдегі 217 компания кіреді, олардың 151 еншілес компаниялар.

Қызметінің бағыты	Активтері	Орналасқан жері
Мұнай өндіру	44 астам мұнай-газ кен орындары	Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Қызылорда облыстарында
Мұнай тасымалдау	5,3 мың км астам магистралдық мұнай құбырлары, 2,1 мың км магистралдық су тартқыштар және 11 мың км магистралдық газ тасымалдау жүйелері	Халықаралық магистралдық желілермен бірігу мүмкіндігімен Қазақстанның бүкіл аумағы бойынша
Мұнай өнімдерін өңдеу	5 мұнай өңдеу зауыттары (АМӨЗ, ПМХЗ, ПКОП, Каспи-битум МӨЗ, Петромидия), 1 мұнай-химия кешені (Vega).	Павлодар (ПМХЗ), Оңтүстік Қазақстан (ПКОП), Атырау (АМӨЗ) және Маңғыстау облыстары (Каспи-битум), Румыния (Петромидия, Vega)

ҚМГ сондай-ақ өз қызметін «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттелетін салаларда да жүзеге асырады.

Табиғи монополиялар субъектілері және нарық субъектілері болып табылатын ҚМГ ұйымдары мынадай қызметтерді көрсетеді:

- 1) Мұнайды магистралдық құбырлармен тасымалдау қызметтері;
- 2) Табиғи газды магистралдық құбырлармен және газ бөлетін газ құбырларымен тасымалдау қызметтері;
- 3) Тауарлы газды магистралдық құбырлармен тасымалдау қызметтері;
- 4) Электр және жылу энергиясын беру және бөлу қызметтері;
- 5) АИ-80, АИ-92/93 маркалы бензинді, дизель отынын, сұйытылған мұнай газын, авиациялық керосинді көтерме және бөлшек саудада сату;
- 6) Шикі мұнайды өңдеу;
- 7) Табиғи газ беру;
- 8) Табиғи газды сақтау қызметтері;
- 9) Бөлу желілері бойынша су беру қызметтері;
- 10) Табиғи газды, оның ішінде Алматы қаласы мен Алматы облысында көтерме және бөлшек саудада сату;
- 11) Үй ішілік газ жабдығына техникалық қызмет көрсету;
- 12) Табиғи газ үшін коммуналдық төлемдер жинау;
- 13) Газ есептеу приборларын жөндеу және тексеру;
- 14) Бірыңғай маршруттау жөніндегі операторлық қызмет;
- 15) Мұнайды магистралдық құбыр жүйесі бойынша айдау;
- 16) Мұнайды темір жол цистерналарына/нан құю/құйып алу;
- 17) Мұнайды танкерлерге құю;
- 18) Мұнайды автоцистерналарға құю/құйып алу;
- 19) Мұнайды сақтау, аудару және араластыру;
- 20) Магистралдық құбырмен су беру қызметтері;
- 21) Сарқынды суларды бұру қызметтері;
- 22) Мұнайды магистралдық құбыр жүйесі бойынша айдау қызметтері;
- 23) Табиғи және мұнай газын өңдеу;
- 24) Баллондардағы сұйытылған газды және сұйытылған мұнай газын көтерме және бөлшек саудада сату;
- 25) Табиғи құрғақ газды көтерме саудада сату;
- 26) Өрттердің алдын алу және сөндіру, ұйымдарда және объектілерде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 27) Күкірт беру.

2014 жылы ҚМГ-да **мынадай елеулі оқиғалар** болды:

1) Румыния Үкіметі 2014 жылғы 22 қаңтардағы қаулысымен өткен жылдың ақпанында Ромпетрол компаниясы мен Румыния Энергетика министрлігінің Мемлекеттік акциялар пакетін басқару және жекешелендіру агенттігі арасында қол қойылған Өзара түсіністік туралы меморандумның ережелерін түпкілікті бекітті. Меморандумның негізгі ережелері Румыния Үкіметінен Ромпетрол Рафинаренің (KMG

International N.V. (бұдан әрі - KMG Int.) еншілес компаниясы – «Петромидия» МӨЗ операторы) акцияларының 26,7%-ын 200 млн. АҚШ долларына сатып алу, сондай-ақ Румынияның энергетика секторынан ҚМГ стратегиялық мүдделеріне жауап беретін жобаларды іске асыру үшін бірлескен инвестициялық кор құру болып табылады. Инвестициялық қордағы Румыния Үкіметінің үлесі 20% құрайды;


2) «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (бұдан әрі – ҚМГ БӨ) Рожков кен орнында тас көмір дәуірі кезеңіндегі башқұрт ярусы қабаттарынан жаңа шөгінділердің табылғаны туралы хабарлады. Атап айтқанда, кен орнының солтүстік-шығыс қанатында 2013 жылы бұрғыланған U-24 ұңғымасында башқұрт жасындағы қабаттардағы қыртыстарды сынау кезінде 24/64 штуцерде (9,5 мм) тиісінше 1,9 мың бнэ/тәулік 6 млн. фут3/тәулік ең көп дебиттері бар сусыз жеңіл мұнай мен газ бұрқағы ағыны алынды;

3) ҚМГ мен ENI арасында «Исатай» жобасын және «Судоверфь» жобасын іске асыру туралы келісімге қол қойылды. «Исатай» жобасы бойынша ҚМГ мен ENI Каспий теңізі қазақстандық секторының аттас блогында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге уағдаласты. Тараптар бірлескен операциялық компания барлау жұмыстарын жүзеге асыратын болады деп белгіледі. Екі компания да «Исатай» жобасын іске асыру ойдағыдай болады және геологиялық-барлау қорытындылары бойынша ҚМГ мен ENI коммерциялық табу туралы жариялай алады деп үміттенеді;


4) FitchRatings халықаралық рейтингтік агенттігі «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» (ҚМГ) эмитенті дефолтының шетелдік валютадағы ұзақ мерзімді рейтингін (РДЭ) «BBB», «тұрақты» болжам деңгейінде растады. «FitchRatings ҚМГ-ның шетелдік валютадағы ұзақ мерзімді РДЭ «тұрақты» болжамымен «BBB» деңгейінде растады. Агенттік бір мезгілде KazMunaiGazFinanceSub B.V. шетелдік валютадағы қамтамасыз етілмеген басым рейтингін «BBB» деңгейінде растады.

5) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «Қазақтүркмұнай» ЖШС-дағы қатысу үлесін Түрік мұнай корпорациясынан (ТПАО) 49% үлес сатып алу жолымен 100% дейін ұлғайтты.


Операциялық көрсеткіштер. Төменде ҚМГ 2014 жылғы өндірістік қызметінің нәтижелері және олардың өзгеру факторлары көрсетілген.




Атауы	Мұнай өндіру көлемінің азаю факторлары
«Теңізшевройл» ЖШС	2014 ж. қыркүйек-қазанда КТЛ-2 күрделі жөндеуді ұзақ жүргізу
«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС	ілеспе газды жағудың қажетті көлеміне ҚР Қоршағанортаның квоталарын шектеу



Атауы	Мұнай тасымалдаудың азаю факторлары:
ҚКҚ	«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ жүк жөнелтушісі МұнайТас СБҚК АҚ-дан Қытай жағына қарай тасымалдау көлемінің бағытын қайта бағдарлау және «Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС өндіру көлемінің азаюы
Мұнайтас	
BTL	көлемдерді КТК қайта бағдарлауға байланысты теңіз мұнайын ауыстырып тиеу жөніндегі БТЛ көлемінің жоқтығы
ҚТО	жүк жөнелтушілерден мұнай көлемінің азаюы (ТШО, «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ)




Атауы	Мұнай өндеуді арттыру факторлары:
ПҚОП	зауытты тоқтатып күрделі жөндеудің 2014 жылғы қазаннан 2015 жылға ауыстырылуы
Caspi Bitum	пайдалануға енгізілді
АМӨЗ	өндірістік бағдарлама асыра орындалды
КМГ Int.	Петромидия зауытына күрделі жөндеу жүзеге асырылған 2013 жылға қарағанда тоқтап тұрудың жоқтығы
ПМХЗ	алыс-беріс шикізатының толық берілмеуі




Атауы	Мұнай өңдеуді арттыру факторлары:
Ішкі нарық	2013 жылдың аяғында Бейнеу-Шымкент газ құбырының пайдалануға енгізілуі, «Интергаз Орталық Азия» АҚ бойынша халықтың және өнеркәсіптік кәсіпорындардың ішкі газ тұтынуының артуы.
Экспорт	Теңіз және Чинарево к/о көлем жеткізілімдерінің қысқаруы
Газ транзиті	Орта Азия транзитінің азаюы және «Газпром» ААҚ тарапынан транзит режимінің өзгеруі.


Сегмент бойынша шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер:



2013 жылмен салыстырғанда 2014 жылы сегмент бойынша таза пайда өзгерісінің негізгі факторлары




Таза кіріс өзгерісінің негізгі факторлары	2013 жыл	2014 жыл	Өзгеріс, %-бен
АҚШ доллары бағамының өсуі, теңге /доллар	152,1	179,2	17,7
«ҚазТрансОйл» АҚ магистралдық құбырлар жүйесі бойынша мұнай айдау тарифі, 1000 км 1 тонна үшін теңге:			
• экспорт	4 729,3	4 850,6	2,5
• ішкі нарық	1 465,9	2 931,8	50,0
2014 жылғы 1 сәуірден бастап:			
• экспорт	4 729,3	5 817,2	23,0
ЭКБ ставкасының өсуі, АҚШ доллары/тонна	60	80	33,4
Өндірістік персоналдың ЕТҚ артуы, млрд. теңге	232,3	282,2	21,5
Brent маркалы мұнай бағасының төмендеуі	108,6	99,0	8,3
Құнсыздануды есептеу	64,7	353	288



Адамдардың орташа санының 2013 жылғы **84 411** адамнан 2014 жылы **84 219** дейін азаюы негізінен ҚТГ, КИНГ, KMG Security, ҚТКФ санын оңтайландыру есебінен болды.

2014 жылдың екінші жарты жылдығынан бастап мұнайға әлемдік бағаның елеулі түрде төмендеуі басталды.



Дереккөз: US Energy Information Administration eia.gov

Құнсыздану факторы: активтердің құнсыздануына жүргізілген тестілер ҚЕХС сәйкес олардың өтелетін құнының олардың теңгерімдік құнынан төмендігін көрсетті.

Құнсыздану себептері:

- ✓ мұнай бағасының құлдырауы сегмент активтерінің құнын қайта қарау қажеттілігін тудырды;
- ✓ қызметкерлерге берілетін сыйақы шығындарының ұлғаюы және экспорттық-кеден бажының бір тонна үшін 60-тан 80 АҚШ долларына дейін ұлғаюы;
- ✓ қайта өңдеу өндірісінің маржасы мен көлемі бойынша нарықтық болжамдардың төмендеуі.

Күрделі қаржы (бұдан әрі - КҚЖ).



КҚЖ осы сегмент бойынша есепті кезеңде 519 млрд. теңгені құрады және мыналарға бағытталды:

- ✓ инвестициялық жобалар;
- ✓ өндірістің ағымдағы деңгейін ұстап тұру;
- ✓ өзге де (негізінен әкімшілік сипаттағы).



КҚЖ «Барлау және өндіру» кіші сегментінде:

- ✓ өндірудің ағымдағы деңгейін ұстауға жұмсалатын шығындар мұнай мен газ өндіруді кеңейту және ұлғайту жобаларынан басым болуы;
- ✓ Солтүстік-Каспий жобасы ең ірі инвестициялық жоба болып табылады.



КҚЖ «Мұнай мен газ тасымалдау» кіші сегментінде:

- ✓ өндірудің ағымдағы деңгейін ұстауға жұмсалатын шығындар мұнай мен газ өндіруді кеңейту және ұлғайту жобаларынан басым болуы;
- ✓ Қазақстан-Қытай құбыржолы ең ірі инвестициялық жоба болып табылады.



КҚЖ «Қайта өңдеу және маркетинг» кіші сегментінде:

- ✓ инвестициялық жобалардың ұстауға жұмсалатын шығындардан басым болуы;
- ✓ АМӨЗ және ПМХЗ жаңғырту ең ірі инвестициялық жоба болып табылады.

2.3.2 «Тау-кен өнеркәсіп» сегменті.

Бұл сегмент «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ, «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ, «Біріккен химия компаниясы» ЖШС, «Тау-кен Самұрық» АҚ қамтиды.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ (бұдан әрі – ҚАӨ) уранды және оның қосылыстарын, атом энергетика станцияларына арналған ядролық отынды, қос мақсатта қолданылатын арнайы жабдықтар мен технологияларды, материалдардың экспорты және импорты бойынша Ұлттық оператор болып табылады.

ҚАӨ жалғыз акционері Қор болып табылады. ҚАӨ құрылымына 4 деңгейдегі 81 компания кіреді.

ҚАӨ бейінді емес активтері мен объектілерін қайта құрылымдау жоспары (бұдан әрі – Жоспар) ҚАӨ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 4 шілдедегі № 6/13 шешімімен бекітілген. Жоспарда 11 актив пен 64 объектіні ҚАӨ құрылымынан (тарату, сату, өтеусіз беру, қайта құрылымдау) шығару жөніндегі іс-шаралар көзделген (26 іс-шара). 31.12.2014 ж. жағдай бойынша Жоспар шеңберінде мынадай іс-шаралар іске асырылды:

Активтер:

- 7-і бойынша – тарату, сату, өтеусіз беру немесе қосылу нысанында қайта ұйымдастыру бойынша шешімдер қабылданды;
- 2-і бойынша – жалпы алғанда 8 сауда-саттық, оның ішінде 6-ы бағаны төмендетумен голландтық әдіс бойынша өткізілді. Алайда өтінімдердің болмауына байланысты сауда-саттықтар өткізілмеді деп танылды. ҚАӨ Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 30 маусымдағы №6/14 шешімімен «ҮМЗ» Мәдениет сарайы» ЖШС және «Үлбі-Электрон» ӨКФ» ЖШС Жоспардан шығарылды, қазіргі кезде ИУЦ электронды порталы пайдаланыла отырып көрсетілген активтерді өткізу жүзеге асырылуда;
- 2-і бойынша – 2014 жылғы желтоқсанда Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарын әлеуметтік-экономикалық дамыту шеңберіндегі 2015-2016 жылдарға арналған ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды, оларға сәйкес 2015 жылы «Шиелі - Энергосервис» ЖШС және «Таукент - Энергосервис» ЖШС тиісінше Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарының теңгеріміне беріледі.

Объектілер:

- 64 объектінің 61 бойынша өткізу, есептен шығару және Созақ ауданының жергілікті атқарушы органдарына «Оңтүстік Қазақстан облысының Таукент және Қыземшек) өтеусіз беру бойынша шаралар орындалды; «Шаруашылық ауласы» объектісін өткізу жөніндегі іс-шара (барлығы 3 объект) осы объектілердің филиалдардың шаруашылық қызметін қамтамасыз ету үшін қажеттілігіне орай Жоспардан шығарылды.

Есепті кезеңде уран өндіру көлемі бойынша әлемдік нарыққа ҚАӨ қатысу үлесі 24,26% құрады.

2014 жылы компанияда **мынадай елеулі оқиғалар** болды:

1) «Тау-кен компаниясы» ЖШС еншілес ұйымының ҚАӨ қосылуы аяқталды. Осы қайта құрылымдаудың нәтижесінде ҚАӨ уран өндіруге және барлауға арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдаланушыға айналды, бұрын оның тарабы «Тау-кен компаниясы» ЖШС болатын.

2) 2014 жылғы маусым – қазан аралығындағы кезеңде ҚАӨ «Ақдала», «Инқай» (4-учаске) және «Солтүстік Қорасан» («Қорасан-1» учаскесі) кен орындарында уран өндіруге арналған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдаланушы болып табылды, бұл өз кезегінде 2014 жылы уран шала тотығы-тотығы (УШТ) сату көлемін ұлғайтуға әсер етті.

3) 2014 жылғы сәуірде ҚАӨ «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС еншілес компаниясы болып табылатын «Ақтаугазсервис» АҚ акциялары пакетінің 100% өткізді.

«Тау-кен Самұрық» ҰТК АҚ. Бүгінгі таңда ТКС инвестициялық ұсыныстар әзірлеуді, перспективалық объектілердің геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу үшін жобалық қаржыландыру тартуды, техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеуді, стратегиялық әріптестерді тартуды, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығын алуды көздейтін инвестициялық даму кезеңінде тұр.

ТКС құрылымына 5 деңгейдегі 45 компания кіреді.

2014 жылы **мынадай елеулі оқиғалар** болды:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан кен-металлургия саласы, қатты пайдалы қазбалар бойынша геология және жер қойнауын пайдалану жөніндегі кеңестің 2013 жылғы 5 желтоқсандағы шешіміне сәйкес қол қойылған «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ (бұдан әрі - ҚИҚ) және ТКС арасындағы келісім шеңберінде ТКС Қарағанды қаласында металлургиялық кремний өндірісін қалпына келтіру және іске қосу бойынша жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Осыған байланысты, 2014 жылғы 17 ақпанда ҚИҚ және «Тау-Кен Темір» ЖШС арасында мүлікті сақтау шарты жасалды.

2) 2014 жылғы 14 наурызда «Тау-Кен Алтын» ЖШС ҚР Ұлттық банкімен аффинирленген алтынды сатып алу-сату шарты жасалды.

«Біріккен химия компаниясы» ЖШС (бұдан әрі – БХК). Қазіргі уақытта БХК мынадай инвестициялық жобаларды іске асырумен айналысады:

1. «Ақмола облысында (Степногор қаласы) қуаты жылына 180 000 тонна күкірт қышқылы зауытын реконструкциялау»;
2. «Атырау облысында алғашқы ықпалдастырылған газ-химия кешенін салу – бірінші фаза (полипропилен)»;
3. «Атырау облысында алғашқы ықпалдастырылған газ-химия кешенін салу - екінші фаза (полиэтилен)»;
4. «Тараз» химия паркі» арнайы экономикалық аймағын құру;
5. «Атырау облысында полимер өнімдерін өндіру»;

6. «Көгерткіш қышқыл мен натрий цианидін өндіру;
7. «Қарашығанақ және Қашаған кенорындарынан шикізат базасында мұнай-химия өндірісін ұйымдастыру»;
8. Үш хлорлы фосфор және глифосат, каустикалық сода мен хлор өндіру; және т.б.

2014 жылға арналған жағдай бойынша БХК құрылымы 13 компанияны ұсынып отыр.

2014 жылғы 30 желтоқсанда БХК Қордың ИИК 2014 жылғы 18 сәуірдегі (№72 хаттама) шешіміне сәйкес 12 112,54 млн. теңгеге «SAT&Company» АҚ-дан «KLPE» ЖШС-дағы үлестің 25%-ын сатып алды.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ (бұдан әрі – ҚИ). Құрылымға 3 деңгейдегі 35 компания кіреді.


2014 жылы компанияда **мынадай елеулі оқиғалар** болды:


1) 2014 жылдың 1-тоқсанында ҚИ республикалық бюджет қаражатынан 9,375 млрд. теңге сомаға капиталдандыруы жүргізілді.

2) 2014 жылғы 15 желтоқсанда «Самұрық-Қазына» АҚ орналастырылатын акцияларын төлеуге 9 375 000 дана жай акция (43,65%) мөлшерінде ҚИ акцияларының мемлекеттік пакетін беру жүргізілді, соның нәтижесінде Қор ҚИ-дың жалғыз акционері болды.


Операциялық көрсеткіштер.

Төменде 2014 ж. ішіндегі сегмент бойынша өндірістік қызметтің нәтижелері берілген.






Сегмент бойынша шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер:





Төменде таза кірістің өзгеруінің негізгі факторлары ашып көрсетілген:






Уран бағасының 38 USD/фунттан (2013 жыл бойынша орташа спот) 33 USD/фунтка дейін (2014 жыл бойынша орташа спот) төмендеуі, өткізілген уран бойынша жалпы пайданы азайтуға (-27,3 млрд. тенге) және үлестік кірісті 30 (6 млрд. тенге) төмендетуге әсерін тигізді. Тұтастай алғанда, бірінші жартыжылдықтың ішінде уранға спотты баға белгіленімін тұрақты төмендету байқалды, бұны сол жақтағы кестеден көрініп тұр



Мыналарға байланысты EBITDA margin ұлғаюы:

- ҰАК опер.қызметінде теңгені девальвациялаудың оң ықпалымен
- ростом валовой маржи КИ жалпы маржасының 18,8%-дан 25,4%-ға дейін өсуімен (КИ теңгені девальвациялағанға дейін шикізатты сатып алып үлгерді, сондай-ақ шикізатты сатып алуға оң нәтижені 2014 жылдың 2-жартысында рубльдің әлсірегенін көрсетті)

ROA, ROE төмендеуі шоғырландырылған таза пайданың



Сегмент бойынша инвестициялық жобалардың өсуі, негізінен БХК бойынша байқалуда, өйткені компания инвестициялық кезеңде тұр.

2.3.3 «Тасымалдау» сегменті.

Осы сегментті «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ (бұдан әрі – «ҚТЖ» АҚ), «Эйр Астана» АҚ, «Атырау халықаралық әуежайы» АҚ, «Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ, «Павлодар әуежайы» АҚ ұсынды.

«ҚТЖ» АҚ жалғыз акционері Қор болып табылады. «ҚТЖ» АҚ құрылымына 5 деңгейдегі 106 компания кіреді, олардың ішінде «ҚТЖ» АҚ жүз пайыздық үлесі бар 68 компания тиесілі.

«ҚТЖ» АҚ бірлескен-бақыланатын ұйымдарына мыналар жатады:

- «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ, қызметінің негізгі түрі локомотивтер құрастыру болып табылады

- «Тұлпар-Тальго» ЖШС, қызметінің негізгі түрі теміржол жолаушы вагондарын жобалау, құрастыру, өндіру, экспорттау, сату және техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру болып табылады;

- «Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС, қызметінің негізгі түрі жүк және жолаушы электровоздарын шығару болып табылады;

- «Астық Транс» АҚ, компанияның негізгі міндеттері Қазақстан Республикасы қарқынды дамып келе жатқан аграрлық секторын мамандандырылған жылжымалы құраммен жеткілікті көлемде қамтамасыз ету, логистикалық қуатты жаңғырту және дөңді дақылдарды теміржол тасымалдау технологияларын жетілдіру;

- «Logistic System Management B.V.», Қазақстанда теміржол терминалдары желісінің жетекші жеке меншік операторы;

- «ҚазЭлектроПривод» БК» ЖШС, қызметінің негізгі түрі бағыттас жетектерді өндіру болып табылады.

«ҚТЖ» АҚ қауымдасқан компанияларына мыналар жатады:

- Ақтөбе рельс арқалық зауыты;
- «Росказтеміржолтранс» ЖШҚ;
- «Ляньюньган қаласының Қытай-Қазақстан халықаралық логистикалық компаниясы»;
- «Continental Logistics» ЖШС;
- «Ақтау Теңіз солтүстік терминалы» ЖШС;
- «Airport Management Services» ЖШС;
- «Досжан темір жолы (ДТЖ)» АҚ;
- «Eurotransit-КТС» ЖШС;
- «Астана Дизель Энджинс» ЖШС;
- «RailwaysEcoEnergy» ЖШС;
- «Платинум Трейн Сервисез» ЖШС.

«ҚТЖ» АҚ еншілес ұйымдары табиғи монополияның мынадай салаларында қызметтер көрсетеді:

- «ҚТЖ» АҚ: магистралды теміржол желілері, кіреберіс жолдар, электр энергиясын беру және бөлу қызметтері;

- «Теміржолсу» АҚ: су шаруашылығы және (немесе) кәріз жүйелері қызметтері.

Есепті кезеңде **мынадай елеулі оқиғалар** болды:

1) 31 наурызда - «Қырғыз темір жолы» МБК-ге «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ ТЭЗЗА тепловоздарының екінші топтамасын жеткізуге арналған келісімге қол қойылды;

2) 12 мамырда – Әзірбайжан темір жолы үшін «Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС құрастыратын 50 электровозды жеткізуге арналған келісімшартқа қол қойылды;

3) 20 мамырда – ҚР Президенті Н. Назарбаевтың қатысуымен Ляньюньган портында Қазақстан-Қытай көлік-логистикалық терминалының бірінші іске қосу кешенінің ашылуы;

4) 25 маусымда - Гонконгта «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес компаниясы - «KTZ Express» АҚ-тың коммерциялық офисі ашылды;

5) 2 шілдеде – ҚР Президенті Н. Назарбаевтың қатысуымен өткен Жалпыұлттық телекөпір барысында «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА аумағында Құрғақ порттың құрылысы басталды;

6) 2 шілдеде - «KTZ Express» АҚ және Ухань қ. (ҚХР) «Wuhan Nan Ou» халықаралық логистикалық компаниясының арасында Ухань – Қазақстан – Еуропа бағытындағы контейнерлік поезд бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды;

7) 22 шілдеде – Қазақстанның Президенті Н.Ә. Назарбаев Жезқазған-Бейнеу және Арқалық-Шұбаркөл темір жолдарын пайдалануды бастады;

8) 1 қазанда – ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Ақтау портын кеңейту жобасын іске асыру барысымен танысты және «Боржақты – Ерсай» жаңа темір жолды салуға қадам басты;

9) 7 қазанда – Трансформациялау форумында ҚР Президенті Н. Назарбаевқа «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметін қайта құру бағдарламасы ұсынылды;

10) 3 желтоқсанда – Қазақстанның Президенті Н.Назарбаев, Түркіменстанның Президенті Г.Бердымұхамедов, Иранның Президенті Х.Рухани Өзен-Берекет-Горган трансшекаралық теміржол магистралін ашты;

11) 18 желтоқсанда - Астанада «Тұлпар Тальго» вагондарына техникалық қызмет көрсету орны ашылды;

12) 25 желтоқсанда - «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жалпыұлттық телекөпір барысында Мемлекет басшысы Н.Назарбаевқа жаңа объектілерді көрсетті: Ақтөбе рельс арқалық зауыты, «Қорғас-Шығыс қақпасы» құрғақ порты және Астана АЭА-да машина жасау кластері;

«Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі – Эйр Астана) негізгі қызметі азаматтық авиацияның әуе кемелерімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдау болып табылады. Қор (51%) және «BAE Systems Kazakhstan Ltd.» (49%) Эйр Астананың акционерлері болып табылады.

2014 жыл ішінде халықаралық бағыттар бойынша авиатасымалдар нарығында Эйр Астананың үлесі шамамен 52%-ды, ішкі бағыттар бойынша – 70%-ды құрады. Ішкі бағыттар бойынша осы кезеңде жүк тасымалдау көлемдері 33%-ға ұлғайды, халықаралық бағыттар бойынша 39%-ға төмендеді.

Эйр Астана Қазақстан Республикасының ішкі бағдарлары бойынша жолаушыларды тасымалдауда басым орын алып отыр. 2014 жылғы желтоқсанда ішкі бағыттар арқылы жолаушылар тасымалдау бойынша қызметтерге мынадай тарифтер бекітілді:

Бағдар		Тариф, теңгемен	
		Бір жағына қарай	Бару-қайту жолы
Алматы	Астана	14 185	28 370
Алматы	Ақтау	26 771	53 542
Алматы	Атырау	27 712	55 424
Алматы	Ақтөбе	26 446	52 892
Алматы	Қарағанды	19 680	39 360
Алматы	Қызылорда	13 542	27 084
Алматы	Павлодар	21 030	42 060
Алматы	Өскемен	16 631	33 262
Алматы	Шымкент	16 173	32 346
Астана	Ақтау	24 221	48 442
Астана	Ақтөбе	19 194	38 388
Астана	Атырау	22 721	45 442
Астана	Өскемен	14 420	28 840
Астана	Қызылорда	17 450	34 900
Астана	Қостанай	17 400	34 800
Астана	Шымкент	21 030	42 060
Ақтау	Атырау	10 304	20 608

Есепті кезеңде мынадай елеулі оқиғалар болды:

1) Skytrax агенттігі үшінші рет авиакомпанияны «Орталық Азия мен Үндістандағы таңдаулы авиакомпания» деп атады, сондай-ақ екінші рет «Орталық Азия мен Үндістандағы үздік борттық қызмет көрсеткені» үшін сыйлықақыға лайық болды;

2) авиакомпания флоты үшін (тек Boeing) ETOPS (екі қозғалтқышы бар әуе кемелерімен ұлғайтылған қашықтықтағы ұшуларды орындаудың ИКАО қағидасы) енгізу бағдарламасын іске асыру;

3) жоспарланған жаңа бағдарларды ашу (Астана – Душанбе, Астана – Улан Батор және Астана – Тараз) кейінге қалдырылды. Анталиядағы дәстүрлі жазғы бағдарламаға қосымша чартерлік бағдарламаға бастамашылық жасалды: Астана/Алматы – Анталия (мамыр – қазан), Алматы – Барселона (маусым – қыркүйек). Астана-Бангкок жаңа бағдары ашылды (14 желтоқсан).

«Атырау халықаралық әуежайы» АҚ, «Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ, «Павлодар әуежайы» АҚ.

«Атырау халықаралық әуежайы» АҚ және «Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ іс жүзінде әуе кемелерінің барлық түрлерін қабылдайды және қызмет көрсетеді, 2014 жыл ішінде әуе кемелерінің шамамен 11492 бірлігіне, оның ішінде «Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ – 3 460 бірлігіне, «Атырау халықаралық әуежайы» АҚ бойынша – 6 845 бірлігіне, «Павлодар әуежайы» АҚ бойынша – 1 187 бірлігіне қызмет көрсетілді, негізінен, мынадай бағыттар бойынша:

- Ақтөбе-Алматы, Ақтөбе-Астана, Ақтөбе-Мәскеу, Ақтөбе-Атырау, Ақтөбе-Ақтау, Ақтөбе-Анталия, чартерлік рейстер;

• Атырау-Астана, Атырау-Алматы, Атырау-Ақтау, Атырау-Ақтөбе, Атырау-Орал, Атырау-Қызылорда, Атырау-Шымкент, Атырау-Мәскеу, Атырау-Стамбул, Атырау-Амстердам. Чартерлік рейстер бүкіл әлем бойынша орындалуда, бірақ негізгі бағыттар Дубай, Анталия, Баку, Тбилиси болып табылады. Жолаушылардың ең көп ағыны Астана, Алматы, Мәскеу, Амстердам және Стамбул бағыттарында байқалуда;

• Павлодар-Астана, Павлодар-Алматы, Павлодар-Мәскеу, Павлодар-Минск, Павлодар-Санкт-Петербург, Павлодар-Анталия.

Әуежайлар табиғи монополияның мынадай салаларында қызметтер көрсетеді:

- әуе кемелерінің ұшу-қонуын қамтамасыз ету;
- ӘК авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 3 сағаттан артық ӘК нормативтен тыс тұрақ беру;
- базалық әуе айлағында ӘК тұрағын ұсыну;
- электр энергиясын беру және бөлу.

2014 жылдың ішінде «Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ бойынша тариф жоғарылады:

- 7-10%-ға ӘК эксплантаттары өтінімдері бойынша әуе кемелерінің жерүсті қызмет көрсетуіне қосымша қызметтер бойынша.

2014 жылдың ішінде «Атырау халықаралық әуежайы» АҚ бойынша тариф төмендетілді:

- комиссиялық тарифтерді төмендету.


2014 жылы **мынадай елеулі оқиғалар** болды:

1) 2014 жылы бөліп есепке алуды жүргізуге байланысты «Павлодар әуежайы» АҚ 8-нұсқадағы 1 С бағдарламасын енгізді, осыған байланысты Қоғамның Есеп саясаты өзгерістер мен толықтыруларға ұшырады.

Есепті кезең ішіндегі нақты орташа тізімдік саны 1 162 бірлікті, оның ішінде өндірістік персоналдың 1 073 бірлігін құрады.


Өндірістік көрсеткіштер.

Қазақстанның көлік нарығында құрылымның өзгеруі теміржол көлігінің қызметіне теріс ықпалын тигізді. ҚР Статистика агенттігінің деректеріне сәйкес **Қазақстан Республикасының көлік түрлері бөлінісіндегі жүк айналымы құрылымында өзгерістер** болды:



Атауы	Нарықтың үлесін төмендету факторлары
Жүк айналымындағы ҚТЖ үлесі	Құрылыс жүктері мен астықты қоспағанда, жүктердің барлық түрлері бойынша тасымалдауды төмендетуге байланысты жүктерді тасымалдау көлемдерін 6,6%-ға төмендету
	Автокөлікпен тасымалдаудың (+6,8%) озық өсуі.

Көлік түрлері бөлінісінде жолаушылар айналымы (ҚР Статистика агенттігінің деректеріне сәйкес):



Атауы	Нарықтың үлесін төмендету факторлары
Жолаушы айналымындағы ҚТЖ үлесі	ҚР жолаушы тасымалдау нарығының 6,8%-ға жалпы өсуі.
	ҚР аумағы арқылы өтетін «төмен» теміржол әкімшіліктерінің қалыптастыру поездары бойынша кейбір қатынастардың болмауы.
	Жолаушыларды басқа көлік түрлерімен тасымалдаудың озық өсуі: автокөлік (+5,8%), әуе көлігі (+9,1%).
	Басқа да көлік түрлері нарығында қызметтердің өсуіне байланысты жолаушылар айналымын (+15,2%) төмендету

Сегменттің өндірістік көрсеткіштері өзгерістерінің негізгі факторлары:



- Әлемдік экономиканың өсу қарқынының баяулауына және Ресей рублінің құнсыздануына байланысты жүк тасымалдауды қысқарту



- ҚР аумағы арқылы өтетін «бөтен» теміржол әкімшіліктерінің қалыптастыру поездары бойынша бірқатар қатынастарды болдырмау;
- Теміржол көлігінің көпшілікке белгілі болуын төмендету.



Жүктерді тасымалдау бойынша төмендету факторлары

Жылы ауа-райы жағдайларына байланысты көмірді тасымалдауды қысқарту және экономика деректерінің өсу қарқынының төмендеуіне байланысты Ресейге және Қытайға экспорттау.


Әлемдік нарықтарда табиғи ресурстарға, атап айтқанда металдарға сұраныстың азаюына байланысты жоғары өзіндік құнымен өндірісті азайту

Құбырды 27 млн. тоннадан 34 млн. тоннаға дейін кеңейту нәтижесінде КТК арқылы Теңіз мұнайын айдаудың жоғары деңгейіне байланысты мұнай құю жүктерін тасымалдауды азайту




- Экономикалық ахуалдың нашарлауына байланысты құрылыс жүктері мен қара металдарды қоспағанда, жүктердің барлық түрлері бойынша азайту.

«Эйр-Астана» АҚ жолаушы тасымалдары бойынша көлемдері.




- Астана-Лондон, Атырау-Мәскеу, Астана-Бішкек, Алматы-Киев, Астана-Киев, Астана-Орынбор және Алматы-Қостанай жаңа бағыттарының ашылуы есебінен көрсеткішті ұлғайту;
- Жұмыс істеп тұрған бағыттарда жиілікті ұлғайту есебінен ол жолаушылар ағынын 3%-ға арттыруға алып келді.



- Жүк өткізу сыйымдылықтарын оңтайландыру.

Сегмент бойынша шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер:




Негізінен өзіндік құнның өсуі есебінен EBITDA margin төмендету:

- Жалақының (ЕА) 20,6 млрд. теңгеге өсуі, өндірістік персоналдың ЕА 10%-ға жоғарылауы;
- Дизельді отын мен электр энергиясын тұтыну бағалары мен көлемінің 10,7 млрд. теңгеге өсуі;
- - жұмыстар мен қызметтерге бағалар мен көлемінің 12,5 млрд. теңге мөлшерінде өсуі.

ROA және ROE мыналарға байланысты төмендету:

- Шоғырландырылған таза пайданы қысқарту (төмендегі факторларды қараңыз);
- Жаңа т/ж желілерін салу бойынша ірі жобалауды іске асыруға байланысты

2013 жылмен салыстырғанда 2014 жылы сегмент бойынша таза пайданы өзгертудің негізгі факторлары



Факторлар	2013 жыл	2014 жыл	Өзгеріс, %-бен
Астана және Барыс спорт клубтарына ҚТЖ-дағы демеушілік көмегін қысқарту	9 187	3 759	-59,1
Құнсыздандуды есептеу, 2013 жылы «Қамқор менеджмент» ЖШС бойынша айтарлықтай құнсызданду есептелді, объекті сатуға арналған актив ретінде 2014 жылы қайта жіктелді.	6 029	3 362	-48,6
АҚШ доллары бағамының өсуі, теңге /доллар	152,1	179,2	17,7
Тарифтік жүк айналымын азайту, млн. ткм.	231 248	216 524	-6,4



- ҚТЖ әзірлеген «ҚТЖ» АҚ компаниялары тобының қызмет тиімділігін арттыру бағдарламасына байланысты кезең ішінде орташа адам санын 1546 адамға қысқартқан кезде 874 адамға өсуі

«ҚТЖ» АҚ мынадай реттелетін қызметтерге жаңа тарифтер бекітілді, алайда, бұл ретте тарифтердің өзгеруі таза кірістің мөлшеріне айтарлықтай әсерін тигізген жоқ:

- 2014 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізілуімен және орташа көлемде 7%-ға жалпы жоғарылауымен магистральдық теміржол желісі қызметтері және жүктерді тасымалдау (локомотивтік тартым, жүк және коммерциялық жұмыс) бойынша қызметтер ҚР ТМПА 2013 жылғы 25 қарашадағы № 362-ОД бұйрығына және ҚР ТМПА 2013 жылғы 18 желтоқсандағы №07-10-32/18831 хатына сәйкес
- 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап кіреберіс жолдарға тарифтер өзгертілген жоқ;
- 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап электр энергиясын беру және бөлу тарифтері өзгертілген жоқ (2013 жылғы 1 сәуірден бастап және ҚР ТМПА 2013 жылғы 21 ақпандағы 60-ОД бұйрығымен 20,2 %-ға жалпы жоғарлатумен);
- су шаруашылығы және (немесе) кәріз жүйелері.

2014 жылы осы сегмент бойынша **күрделі шығындар** 425,5 млрд. теңгені құрады және 2013 жылмен салыстырғанда 101,8 млрд. теңгеге төмендеді.



Сегмент бойынша күрделі шығындар құрылымында 95%-ды «ҚТЖ» ҰК» АҚ үлесі алып отыр, 2014 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ мынадай ірі инвестициялық жобалар іске асырылды:

- 1) **«Вокзалдық кешен құрылысын қоса алғанда, Астана станциясында теміржол торабын дамыту».** Жоба 12,3 млрд. теңге сомасында Астана көлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған;
- 2) **«Жезқазған-Бейнеу» теміржол желісін салу».** Жоба 120,9 млрд. теңге сомасында Орталық Қазақстан – Ақтау порты қысқа теміржол бағытын құруға бағытталған;
- 3) **«Арқалық-Шұбаркөл» теміржол желісін салу».** Жоба 23,3 млрд. теңге сомасында солтүстік бағытта Орталық Қазақстаннан жеткізу қашықтығы мен мерзімдерін қысқартуға бағытталған;
- 4) **«Жүк вагондарын сатып алу».** Жоба 10,2 млрд. теңге сомасында жылжымалы құраммен жүк тасымалдары қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған;
- 5) **«Эволюшн магистральдық тепловоздарын сатып алу».** Жоба 11,1 млрд. теңге сомасында компания қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған;
- 6) **«Локомотивтерді сатып алу».** Жоба 25,8 млрд. теңге сомасында локомотивтік тартым қызметтерін көрсетуге қажеттілікті қамтамасыз етуге бағытталды;

7) «Жолаушылар вагондарын және электр поездарын сатып алу». Жоба 28,2 млрд. теңге сомасында жұмыс істеп тұрған тозығы жеткен паркті ауыстыруға жіберілді;

8) «АСУ Энергия диспетчерлік тартым». Жоба 9,5 млрд. теңге сомасында поездардың локомотивтік тартымын жүзеге асырған кезде дизельді отын, электр энергиясының шығыстарын төмендетуге бағытталған;

9) «Астана қаласында көп функционалды мұз сарайын салу», 11,7 млрд. теңге сомасында.

2.3.4. «Энергетика» сегменті.

Осы сегмент Қордың компанияларын қамтиды: осы сегментте ірілері болып табылатын «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – Самұрық-Энерго) және «Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ (KEGOC) (бұдан әрі – KEGOC), «КОРЭМ» АҚ (бұдан әрі – КОРЭМ), «Академик Ш. Шөкин атындағы Қазақ энергетика ҒЗИ» (бұдан әрі – ҚазЭҒЗИ) және «Қарағандыгипрошахт және К» ЖШС (бұдан әрі – Қарағандыгипрошахт).

Самұрық-Энергоның жалғыз акционері Қор болып табылады. Самұрық-Энергоның құрылымына Қорға қатынасы бойынша 4 деңгейдегі 40 компания кіреді. Қауымдасқан және бірлескен-бақыланатын ұйымдарға 4 ұйым жатады.

Төменде Самұрық-Энерго электр станцияларының белгіленген және орналастырылатын қуаты және электр беру желілерінің ұзақтығы бойынша кесте келтірілген:

ЕТҰ атауы	Белгіленген қуаты, мың МВт	Орналастырылатын қуаты, мың МВт
«Самұрық-Энерго» АҚ ЕТҰ-лары бойынша барлығы	7,9	6,3
Электр станциялары		
Екібастұз МАЭС-1	4,0	2,9
Екібастұз МАЭС-2	1,0	0,9
Жамбыл ГРЭС	1,2	1,1
АлЭС	1,2	0,9
Ақтөбе ЖЭО	0,1	0,1
Гидроэлектр станциялар		
«Мойнақ ГЭС» АҚ	0,3	0,3
«Шардара ГЭС» АҚ	0,1	0,1
Күн электр станциясы		
Қапшағай СЭС		
ЭБЖ ұзақтығы, мың км		
«Самұрық-Энерго» АҚ ЕТҰ бойынша барлығы		70,0
«АЖК» АҚ		29,2
«ШҚ ӨЭК» АҚ		34,6
«МӨЭК» АҚ		6,2

KEGOC Қазақстанның Бірыңғай электр энергетика жүйесінің жүйелі операторы (бұдан әрі – ҚР БЭЖ) болып табылады.

Қор 90%+1 акция иелену үлесімен KEGOC акционері болып табылады. KEGOC құрылымына Қорға қатынасы бойынша 4 деңгейдегі 4 компания кіреді.

KEGOC ұйымдық құрылымына Атқарушы дирекция, ҚР бүкіл аумағында орналасқан жүйеаралық электр желілерінің 9 филиалы, Ұлттық диспетчерлік орталық, Алматы қаласындағы өкілдік кіреді.

KEGOC көрсететін келесі қызметтер табиғи монополия саласына жатады:

- электр энергиясын беру бойынша қызметтер;
- электр энергиясын желіге өткізу және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша қызметтер;
- электр энергиясын өндіру/тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтер.

ТМРЖБҚК 2014 жылғы 16 мамырдағы № 105-ОД бұйрығына сәйкес 2013 жылғы 1 қарашадан бастап 2015 жылғы 31 қазанға дейін орта мерзімді кезеңге KEGOC реттейтін қызметтерге арналған тарифтердің шекті деңгейлері бекітілді:

электр желілері бойынша электр энергиясын беру бойынша

2013 жылғы 1 қарашадан бастап 2014 жылғы 31 қазанға дейін 1,305 теңге /кВтсағ (ҚҚС-сыз) мөлшерде;

2014 жылғы 1 қарашадан бастап 2015 жылғы 31 қазанға дейін 1,954 теңге /кВтсағ (ҚҚС-сыз) мөлшерде;

электр энергиясын желіге жіберу және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша 2013 жылғы 1 қарашадан бастап 2014 жылғы 31 қазанға дейін 0,134 теңге /кВтсағ (ҚҚС-сыз) мөлшерде;

2014 жылғы 1 қарашадан бастап 2015 жылғы 31 қазанға дейін 0,182 теңге /кВтсағ (ҚҚС-сыз) мөлшерде;

электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша 2013 жылғы 1 қарашадан бастап 2014 жылғы 31 қазанға дейін 0,060 теңге /кВтсағ (ҚҚС-сыз) мөлшерде;

2014 жылғы 1 қарашадан бастап 2015 жылғы 31 қазанға дейін 0,083 теңге /кВтсағ (ҚҚС-сыз) мөлшерде.

ҚазЭФЗИ. Қор 25 желтоқсанда бәсекелестік ортаға 50,005% мөлшерінде ҚазЭФЗИ иелену үлесін өткізді. **КОРЭМ** қызметінің негізгі түрлері орталықтандырылған алаңда электр энергиясының саудасаттығын өткізуге дайындықты қамтамасыз ету болып табылады.

Қарағандыгипрошахт тау-кен өндірістерін жобалауды, ғимараттар мен құрылыстардың қала құрылысы мен сәулетін жобалауды, сондай-ақ табиғаттан қорғауды жобалау және кәсіпорындар үшін көмір және тау-кен өнеркәсібін нормалауды жүзеге асырады.

2014 жылы сегментте мынадай **елеулі оқиғалар** болды:

1) 8 сәуірде «Самұрық-Энерго» АҚ құны 11,25 миллиард доллар болатын «Б.Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС-дағы үлестің 50%-ын сатып алу мәмілесін аяқтады;

2) 16 мамырда «АЖК» АҚ Алматы қаласының энергетикалық кешенін дамыту және жаңғырту бағдарламасы шеңберінде «Есентай» жабық түріндегі жаңа электр кіші станциясын пайдалануға енгізді;

3) 16 маусымда «Мойнақ гидроэлектрстанциясы» АҚ жай акцияларының 49%-ын сатып алу-сату шартына қол қойды;

4) 28 қарашада «Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстанның қор биржасында (KASE) «Маңғыстау ӨЭК» АҚ 24%+1 акциясын сату туралы хабарландыру жасады, бір акцияны орналастыру бағасы 5 147 теңгені құрайды;

5) 27 қарашада «Самұрық-Энерго» АҚ-тың еншілес ұйымы - «Ereymentau Wind Power» ЖШС ЕҚДБ-мен қуаты 50 МВт Ерейментау жел паркінің құрылысын салу жобасының 2-кезегін қаржыландыру туралы келісім жасасты;


6) 1 желтоқсанда «Жамбыл МАЭС» АҚ екі мемлекет басшыларының арасында жоғары деңгейде ҰАК және уағдаластықтарды орындау мақсатында Қырғыз Республикасына электр энергиясын жеткізу басталды;


7) 2 желтоқсанда «Самұрық-Энерго» АҚ «ШҚ ӨЭК» АҚ, «Ақтөбе ЖЭО» АҚ акциялары пакетінің 100%-ын, «ЖГРЭС» АҚ 50%-ын және «Маңғыстау ӨЭК» АҚ 51%-ын сату бойынша екі кезеңдік ашық конкурста өтінімдер қабылдайтыны туралы хабарлады;

8) 14 желтоқсанда «Самұрық-Энерго» АҚ және Қытай халықаралық су шаруашылығы және энергетика корпорациясы (ҚХСШЖЭК) Шелек өңірін дамыту және Бестөбе су қоймасында Кенсу өзені ағуын жіберу бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды;


9) 23 желтоқсанда қалпына келтіру жұмыстарын аяқтағаннан кейін Б. Нұржанов атындағы «Екібастұз МАЭС-1» ЖШС-да № 2 блокты ҚР БЭС-ға табысты қосу жүргізілді.

Өндірістік көрсеткіштер. Сегменттің өндірістік көрсеткіштері өзгерістерінің негізгі факторлары:








Атауы	э/э өндіру көлемін өзгерту факторлары
«Екібастұз МАЭС-2» АҚ	ҚР нарығында электр энергиясын өткізуді азайту
«Мойнақ ГЭС» АҚ	Бестөбе су қоймасында Шарын өзенінің ағыстылығын төмендету
«Жамбыл МАЭС» АҚ	Қырғыз Республикасына электр энергиясын экспорттау бойынша үкіметаралық шартпен қамтамасыз етілді
«Екібастұз МАЭС-1» ЖШС	Ішкі нарықта сұранысты ұлғайту





Атауы	э/э өндіру көлемін өзгерту факторлары
«Алатау Жарық компаниясы» АҚ	Ішкі нарықта сұранысты ұлғайту
«Маңғыстау ӨЭК» АҚ	
«Шығыс Қазақстан ӨЭК» АҚ	Ішкі нарықта сұранысты төмендету




Атауы	э/э өндіру көлемін өзгерту факторлары
«Алматыэнергосбыт» АҚ	Ішкі нарықта сұранысты ұлғайту және ауаның ең жоғары орташа тәуліктік температуралары
«Шығысэнерготрейд» АҚ	
«АлЭС» АҚ	
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	



Сегмент бойынша шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер




2013 жылмен салыстырғанда 2014 жылы сегмент бойынша таза пайданың өзгеруінің негізгі факторлары




Таза кірістің өзгеру факторлары	Өлшем бірлігі	2013 жыл	2014 жыл	Өзгеріс, %-бен
ЕМАЭС-1 құнсыздануы, электр энергиясын тұтыну көлемінің төмендеуі себебінен құнды түзетуге байланысты	млн. теңге	-	2 446	-
Операциялық кірістер өсті, ЕМАЭС-1 шоғырлануына (EBITDA margin 62%) және қызметтер мен тауарға тарифтердің өсуіне байланысты	млн. теңге	33 095	67 991	105
Қаржылық міндеттемелердің өсуі	млн. теңге	10 398	28 149	171
Тарифтердің артуы, оның ішінде:				
Электр энергия беру	теңге /кВтс	1,305	1,954	50
Диспетчерлеу	теңге /кВтс	0,134	0,182	36
Теңгерімдеу	теңге /кВтс	0,06	0,083	38
ЕМАЭС-2 кірісінің 7,7 млрд. теңгеге және Forum tuider кірісінің 1,8 млрд. теңгеге азаюы, электр энергия өндірудің және тиісінше көмір өндіруді төмендеуі тұтынушылардан тапсырыстың азаюына байланысты	млн. теңге	30 127	13 101	- 57

Сегменттегі санның өзгеруі топ кәсіпорындары өндірісінің органикалық өсуіне байланысты.



Осы сегмент бойынша күрделі шығындар 2014 жылы 120,1 млрд. теңгені құрады.



Сегмент бойынша дамытуға шығыстар есептік кезеңде 400,7 млрд. теңгені құрады, олар инвестициялық бағдарламалар шеңберінде іске асырылды және мына объектілер пайдалануға енгізілді:

1. Алматы қаласында өсіп келе жатқан жүктемені сенімді әрі үздіксіз электрмен жабдықтау үшін трансформаторлық қуаттылығы 332 МВА ЖКХ 3 кіші станциясының (Алтай, Новая 3А (Есентай), Мамыр) құрылысы аяқталды.

2. МАЭС-1 қуаты 500 МВт болатын Екібастұз МАЭС-1 №2 блогы қалпына келтірілді, ол жылына 3,4 млрд. кВтс электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді.

3. «Ұлттық электр желісін жаңғырту, 2-кезең» жобасы шеңберінде кіші станциялардың үлкен бөлігі жаңғыртылды.

4. кернеуі 500, 220 кВ болатын желілермен Қазақстанның ҰЭЖ-ге қоса отырып, 500 кВ "Алма" КК құрылысы аяқталды.

5. "ЦГПП-Осакаровка" ЖЖ-220кВ жаңғырту жобасы іске асырылды.

2.3.5 «Телекоммуникациялар» сегменті

Осы сегмент мына компанияларды: «Қазақтелеком» АҚ және «Қазпочта» АҚ қамтиды.

«Қазақтелеком» АҚ (бұдан әрі – Қазақтелеком) Қазақстан Республикасының ірі байланыс операторы. Қазақтелекомның құрылымына 3 деңгейдегі 13 компания кіреді, компанияның өңірлерде филиалдық желілері бар және 51% иелену үлесімен Қор тобына кіреді.

Бірлесіп бақыланатын ұйымдар мен қауымдасқан компаниялардың бірлесіп қатысуы туралы:

Атауы	Иелену үлесі
«АЛТЕЛ» АҚ	100%
«MaxCom» ЖШС	«АЛТЕЛ» АҚ 100%
«KT Cloud Lab» ЖШС	100%
«Kazakhtelecom Industrial Enterprises Services» ЖШС (бұрынғы - «Radio Tell» ЖШС)	100%
«ШЫҒЫСТЕЛЕКОМ» ЖШС	100%
«Сигнум» ЖШҰ, Мәскеу қ.	100%
«Online.kg» ЖШҰ, Бішкек қ.	100%
«DIGITAL TV» ЖШС	100%
«НҰРСАТ» АҚ	80%
«Info-Net Wireless» ЖШС	АО «НҰРСАТ» 100%
«НҰРСАТ+» ЖШС	АО «НҰРСАТ» 100%
«НҰРСАТ» ЖШҰ, Мәскеу қ.	АО «НҰРСАТ» 100%

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» ҚР Заңына сәйкес Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөлімі бекітілді, оған сәйкес табиғи монополиялар саласының қызметтеріне мына қызметтер жатқызылады:

1. Халықаралық деңгейде IP-телефония операторларының (Интернет-телефония) жабдығын (қол жеткізу тораптарын) жалпы пайдаланатын телекоммуникациялар желісіне қосу;

2. IP-телефонияны (Интернет-телефония) қосушы операторлардың жабдыққа(жабдықпен) (қол жеткізу тораптарына) телефон трафигін қосушы байланыс операторларын өткізу.

3. Телефонды арнаны пайдалануға беру.

«Қазпочта» АҚ (бұдан әрі – Қазпочта) Қазақстан Республикасының аумағында шаруашылық жүргізуші субъектілерге және халыққа почта-жинақтау қызметтерінің кең спектріні ұсына отырып, ұлттық почта байланысының операторы болып табылады.

Қор Қазпочтаның жалғыз акционері болып табылады. 2014 жылы компанияның мына заңды тұлғаларда үлестері бары:

«*Электронпост.kz БК*» ЖШС 2006 жылы тіркелді, 2012 жылы «Қазпочта» АҚ 100% иеленуге жеткізе отырып, «Ээсти Электронпост» (Эстония) және «Astermann LLP» (Ұлыбритания) иелену үлестері сатып алынды. Қызмет түрлері: цифрлық баспа мен айырбастау қызметтерін көрсету, сондай-ақ электрондық және тікелей маркетинг қызметтері;

«*Kazpost GmbH БК*» ЖШҰ 2008 жылы тіркелді, «HPO Service»-пен (Германия), «Қазпочта» АҚ - 50% үлесімен. Қызмет түрлері: шетелден айырбастау орнының функциясын орындау (МОЗГР) және дистанциялық сатуды дамыту (ДС).

2014 жылы **мынадай маңызды оқиғалар** болды:





1) ҚР Ұлттық банкі тарапынан жеке тұлғаларға кредит беру жөніндегі талаптарды енгізуге байланысты (өтеу сомасы жалақының 50%-нан аспайтын) агенттік қызметтер бойынша кірістер 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 47%-ға немесе 530 млн. теңгеге азайды.

2) «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Мәжілістің 19.03.2014 жылғы заң жобасында 2014 жылғы 1 сәуірден бастап базалық зейнетақы төлемдерін 12%-ға, еңбекпен демалысқа шыққандардың зейнетақысын – 14%-ға өсіру көзделді. Заңнамаға осы өзгерістер зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу бойынша қызметтердің көлемі мен кірісінің өсуіне әкелді.

3) Почта байланысының әмбебап қызметтеріне тарифтерді уәкілетті орган ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпарат және ақпараттандыру комитеті бекітеді. 2014 жылғы 01 шілдеден бастап 58 теңге мөлшерінде ҚР бойынша қарапайым хатты жіберу бойынша қызметтерге уақытша өтемақы жасайтын тариф алынып тасталды (ҚР ККМ БАҚ-ның 21.06.2013 жылғы № 131 бұйрығымен 2013 жылғы 01 шілдеден бастап күшіне енгізілді).



Өндірістік көрсеткіштер. Сегменттің өндірістік көрсеткіштері өзгерістерінің негізгі факторлары:





Қаржылық қызметтер көлемінің ұлғаю факторлары

Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері жалақысының 2014 жылы 10%-ға ұлғаюы нәтижесінде жалақы төлеу көлемі 9,74%-ға немесе 7,8 млрд. тенгеге өсті

Жаңа клиенттерді тарту нәтижесінде зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу көлемдері 6,7%-ға немесе 31,8 млрд. тенгеге өсті, сондай-ақ зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу мөлшерінің жыл сайынғы өсуіне байланысты 2014 жылы 2 есе: 01.01.2014 жылы 9%-ға және 01.04.2014 жылы 5%-ға өсті.

Өнім берушілердің қызметтері тарифтерінің ұлғаюына, сондай-ақ жаңа клиенттерді қызмет көрсетуге тартуға байланысты коммуналдық қызметтер қабылдау және өзге де төлемдер көлемі 4%-ға немесе 10,2 млрд. тенгеге өсті.



Почта қызметтері көлемінің төмендеу факторлары

2014 жылғы ақпанда жүргізілген теңгенің айырбастау бағамының девальвациялануы нәтижесінде банктер халықтың депозиттерінің қайтуына және тұтынушылық сұраныстың азаюына байланысты «Каспи Банк» АҚ (Банктің үлесі – жеткізу көлемінің 85%-ы) баспа, айырбастау және жеткізілімдержі жеткізу көлемдерінің қысқаруы.


ҰЗҚ бірігуіне байланысты БҰЗҚ баспа, айырбастау және жіберілімдерді жеткізу көлемінің азаюы, оның нәтижесінде БҰЗҚ салымшылардың дұрыс емес мекенжайларын және өзге де деректемелерін қысқарту бойынша дерекқормен жұмыс жүргізуде.

Сегмент бойынша шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер:




2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда сегмент бойынша таза пайданың өзгеру факторлары:

Факторлары	Өзгерістер, млрд. тенге
«Қазақстанның даму банкі» АҚ-дан облигациялық қарыздың бір бөлігін мерзімінен бұрын сатып алу, сондай-ақ валюталық қарыздарды мерзімінен бұрын өтеу.	2,7
Компанияның телекоммуникация қызметтеріне қабылданған төлемдер көлемінің ұлғаюы	-1,1
Астана қаласында бала-бақша салуға демеушілік көмек көрсету және «Ақылды Қазақстан» жобасы бойынша резерв құру.	- 1,9
Уақытша айырмалардың, негізінен тіркелген активтер бойынша кейінге қалдырылған КТС өсуі.	-2,8
Технологическое устаревание оборудования фиксированной Тіркелген телекоммуникациялық байланыс жабдығының технологиялық жағынан ескіруі және негізгі құралдардың құнсыздануы бойынша резерв құру.	- 3,8
Ұлттық валютан теңгенің құнсыздануы	- 6,8
Өзге де операциялық емес кірістер	0.8



Орташа тізімдік санның өзгеру факторлары	
Қазпочта бойынша: ӘБП-ның 45 адамға азауы - персоналды басқару бөлімі, бухгалтерия, қаржы-экономикалық бөлім мамандарының "Grant Thornton" бағдарламасы бойынша қысқаруына байланысты; Өндірістік персоналдың 747 адамға ұлғаюы – штат санына тізімдік емес құрам қызметкерлерін ауыстыруға байланысты.	

Күрделі шығындар.



2014 жылы мінадай жобалар іске асырылды:

1) «**2012-2015 жылдары CDMA/EVDO ауылдық байланысты жаңғырту және дамыту**». Жоба сымсыз байланыс желісін жылдам жазу есебінен ауылдық елдімекендерде телекоммуникация қызметтеріне сұранысты қанағаттандыруға бағытталған.

2) «**FTTH (Fiber to the Home) желілерін салу**». Жоба телекоммуникациялық қызметтер нарығында бәсекеге қабілетті арттыруға бағытталған. Жоба ҮИИДМБ енгізілген – 13.01.12 жылы ҚР Индустриаландыру картасына енгізілді (ҚР Үкіметінің № 46 қаулысы).

3) «Қазақстан Республикасында IP TV қызметтерін енгізіп, дамыту». Жоба ақыты ТВ қызметтерін енгізуге және пакетті телекоммуникациялық шешімдер ұсынысына бағытталған.

Мыналар іске асыру кезеңінде:

1) «Деректерді ұтқыр беру қызметтері үшін Қазақстан Республикасының аумағында Long Term Evolution желілерін салу». Жоба жоғары жедел әрі сапалы сипаттамалары бар ұтқыр КЖҚ – LTE – инновациялық технологияларды енгізу мақсатында іске асырылады;

2) «DWDM оптикалық транзиттік желісін салу». Жоба жиынтық сыйымдылығы 850Гбит/с Еуропа-Қытай, Ресей-Орта Азия ашық транзиті қызметтерін беруге және 100Гбит/с деңгейінде Мәскеу қаласына Қоғамның болу нүктесінде ірі контент өнім берушілермен тікелей пиринг есебінен сыртқы Интернет-арналарды жалдауға Қоғамның операциялық шығындарын оңтайландыруға бағытталған;

3) «Жергілікті телекоммуникациялар желісін жаңғырту». Жоба Қазақстан Республикасында деректер беру желісінің пайдаланушылар санын ұлғайту есебінен телекоммуникациялар қызметтеріне барынша әрі ықтимал сұранысты қанағаттандыру арқылы кірістерді ұлғайтуға бағытталған.


2.3.6. «Қаржы институттары мен даму институттары» сегменті.

Тұрғын үй құрылысына инвестиция беру арқылы халыққа тұрғын үйге қол жетімділікті арттыруда мемлекетке жәрдемдесетін операцияларды («Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ), сондай-ақ 2009 жылы Қор сатып алған коммерциялық банктерді (осы сегменттегі ірі компаниялар болып табылатын «БТА Банк» АҚ, «Альянс Банк» АҚ, «ТемірБанк» АҚ, сондай-ақ Sekerbank T.A.S.) қамтиды.

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ. Қор СҚЖҚ-ның жалғыз акционері болып табылады:

2014 жылы компанияда мынадай маңызды оқиғалар болды:

1) ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 31 наурыздағы №286 қаулысымен «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ желісі бойынша жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй бөлу тетіктері бөлігінде «Қол жетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.



Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары шеңберінде Қор 2009 жылы «БТА Банк» АҚ, «Альянс Банк» АҚ акцияларының бақылау пакеттерін және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ мен «Қазкоммерцбанк» АҚ-ның (бұдан әрі - ЕДБ) біршама үлесін сатып алды. Осы шаралар банктерге қосымша өтемділік беруге және олардың төлем қабілетін қамтамасыз етуге бағытталды.

2014 жылғы 15 мамырда Қор мен Болат Жәмитұлы Өтемұратов мырзаның арасында 2013 жылғы желтоқсанда қол қойылған келісімге сәйкес Қор «Темірбанк» АҚ-ның 79,88% жай акцияларын және «Альянс Банк» АҚ-ның 16% жай және артықшылық акцияларын сату бойынша мәмілені аяқтады. Қазіргі уақытта Альянс Банктің қалған 51% акциялар пакетін Өтемұратов мырзаға кейіннен сата отырып Альянс Банкті қайта құрылымдау бойынша Сатып алушымен бірлескен жұмыс жүргізілуде.

2014 жылғы 11 желтоқсанда «Альянс Банк» АҚ-ға «Темірбанк» АҚ мен «ForteBank» АҚ-ны қосу нысанында ерікті түрде қайта ұйымдастыру нәтижесінде Қор банкке бақылауды жоғалтты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы қаулысына және «Альянс Банк» акцияларына қатысты 2014 жылғы 16 қазандағы сатып алу-сату шартына сәйкес Қор 2015 жылғы наурызда Болат Жәмитұлы Өтемұратов мырзаға «Альянс Банк» АҚ (қазіргі «ForteBank» АҚ) акцияларын өткізді.

2014 жылғы 31 қаңтарда Қор, «Қазкоммерцбанк» АҚ (бұдан әрі «ҚКБ») және Кеңес Рақышев мырза «БТА Банк» АҚ-ның (бұдан әрі «БТА Банк») 93% жай акцияларын сатып алу-сату туралы келісім жасасты, оның ішінде бір акцияға өтем ретінде «Шалкия Цинк» АҚ-ның 100% акциясы (31млрд.теңге) алынды.

2014 жылғы 30 маусымда 2014 жылғы 31 қаңтарда жасалған келісімдердің талаптарына сәйкес Қор, «ҚКБ» және Кеңес Хамитұлы Рақышев мырза арасында «БТА Банк» сату жөнінде жабық мәмілелер болды. ҚКБ мен Рақышев мырза 2014 жылдың аяғына дейін БТА Банк пен «ҚКБ» бірыңғай банкке біріктіру мақсатында әрқайсысы БТА Банктің 46,5% акциясын сатып алды. 4,26% мөлшерінде «БТА Банктегі» қалған үлес 2017 жылғы 31 қаңтарға дейінгі немесе егер біріктіру бұрын болса, сол күнге дейінгі мерзімге «ҚКБ» сенімгерлік басқаруына берілді.

Сегмент бойынша шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер:

Атауы	Өлшем бірлігі	2014 жыл	2013 жыл	Ауытқу, (+/-)	Өзгеріс, %-бен
Шоғырландырылған таза пайда	млрд. теңге	6,5	-235,6	242,1	-103
ROA	%	0,5	-7,7	8,2	106
ROE	%	5,1	-46,2	51,3	111


2013 жылмен салыстырғанда 2014 жылғы сегмент бойынша таза пайданың өзгеру факторлары:

Факторлар	Өзгеріс, млрд. теңге
Таза кіріс (есептік кезеңге -6,5 млрд. теңге; таза шығын - 2013 жылы 235,6 млрд. теңге)	242,1
Оның ішінде мыналарға байланысты:	
2013 жылы «БТА Банк» тоқтатылған қызметінен - 145,5 млрд.теңге , «Альянс Банк» - 86,2 млрд.теңге , «Темірбанк» - 20,2 млрд. теңге шығындар есептелді.	253,2
2013 жылғы 1-жарты жылдықтағы қаржы институттары мен даму институттарының шоғырлану пайдасына әсері	-4,5
Sekerbank T.A.S. қауымдастырылған компаниясына кірістерді азайту	-1,3
Жалғасқан қызметтен өзгелер (ЕДБ)	-5,3

СҚЖК өндірістік көрсеткіштері және негізгі өзгерістер факторлары:



СҚЖК EBITDA margin шоғырландырылған қаржылық көрсеткіші



СКЖК күрделі шығындары.



2.3.7 «Корпоративтік орталықтар және жобалар» сегменті.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ны (бұдан әрі – Қор), сондай-ақ «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС-ны, «Самұрық-Қазына Келісімшарт» ЖШС-ны, «Самұрық-Қазына Финанс» ЖШС-ны қамтиды.

Қорда есептік кезеңде мынадай маңызды оқиғалар болды:

1) KGF Management, KGF SLP еншілес ұйымдары таратылды;
2) БТА Банктің акцияларына төлемге «Шалқия мырыш» АҚ-да 100% акциялар пакеті алынды және олар еншілес ұйымы «Тау-Кен Самұрық» АҚ-ға берілді;

3) Kazakhmys Finance PLC қарыздарын мерзімінен бұрын өтеу есебінен Жомарт және Ақбастау/Қосмұрын мыс кен орындарын игеру бойынша Kazakhmys Finance PLC жобаларын іске асыру үшін берілген Қытай Мемлекеттік Даму Банкі алдында 400 миллион АҚШ доллары мөлшерінде қарызын мерзімінен бұрын өтеді;

4) «АУТ Housing Complex» ЖШС-ға берілген қарызы бойынша берешекті өтеу есебіне Алматы қаласындағы тұрғын үй кешендерінде жылжымайтын мүлік түрінде мүлік алды;

5) облигациялардың айналым мерзімі 15 жыл болатын және купондық сыйақысы жылдық 3% мөлшеріндегі жалпы сомасы 300 млрд.теңгеге бір облигацияға номинал құны 1 000 теңге болатын 300 млн.купондық облигация орналастырды. Облигациялары ҚР Ұлттық Банкі сатып алды.

«Самұрық-Қазына Финанс» АҚ (бұдан әрі – СҚ Финанс) банктік секторда Қордың мемлекеттік бағдарламалар функциясын іске асыру үшін Қордың жүз пайыз қатысуымен құрылды.

«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС (бұдан әрі – СҚ Инвест).

Есептік кезеңде инвестициялық қызметке байланысты мынадай маңызды оқиғалар болды, атап айтқанда мыналар:

1) 517,5 млн.теңге сомаға «Солтүстік Қазақстан облысында «Сырымбет» қалайы кенорнын игеру және тау-кен металлургия кешенін салу» инвестициялық жобасын іске асыру шеңберінде «Сырымбет» АҚ-ның 2 987 жай акциясы (қосымша) сатып алынды, нәтижесінде СҚИ үлесі 12,61%-ды қрады (қаржылық актив ретінде көрсетілді);

2) 98 мың теңге сомаға «Мұнай өнімдеріне, сұйытылған және қысылған газ жабдығын құратын өндірістік кешен салу» инвестициялық жобасын іске асыру шеңберінде «Indox Samruk Kazakhstan» ЖШС жарғылық капиталында 49% үлесі (сатуға қолда бар инвестиция ретінде көрсетілді);


3) 1 713,3 млн.теңге сомаға Жамбыл облысында (Бурное) қуаты 50 МВт СЭС салу» жобасын іске асыру шеңберінде «Samruk Kazyna-United Green» ЖШС жарғылық капиталына 50,1% үлес (қаржылық актив ретінде көрсетілді);

4) 2 123 млн.теңге сомасында «Лизингілік компанияға қатысу» жобасы шеңберінде «Лизинг групп» АҚ-ның 49% акциясы (қаржылық актив ретінде көрсетілді);

1) 243 млн.теңге сомасында «Ауыл шаруашылығы, коммуналдық және тасымалдау техникасы өндірісін ұйымдастыру» жобасы шеңберінде «ҚАЗТЕХМАШ» машина жасау зауыты» ЖШС 49% акциясы (қаржылық актив ретінде көрсетілді) сатып алынды.

«Самұрық-Қазына Келісімшарт» ЖШС (бұдан әрі – СҚ Келісімшарт). негізгі қызмет түрлері қазақстандық қамту мониторингі, Қор тобы компанияларының ашық сатып алу рәсімдерін енгізу және Қор мүдделерінде таза кіріс тарту, электрондық сатып алу жүйесін (БЭСЖ) құру және оны Қор тобына енгізу болып табылады.

Сегмент бойынша шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер:



2013 жылмен салыстырғанда 2014 жылғы сегмент бойынша таза пайданың өзгеру факторлары:

Факторлар	Өзгеріс, млрд. теңге
Таза пайда (2014 жылы 60,4 млрд. теңге; 2013 жылы таза шығын -122,8 млрд. теңге)	183,2
Оның ішінде мыналарға байланысты:	
сатуға арналған ретінде сыныпталған активтердің құнсыздауынан шығындарды 2013 жылы есептеу, атап айтқанда «БТА Банк» бойынша (147,4 млрд.теңге), және инвестициялардың құнсыздануынан шығындар (71,7 млрд.теңге) жалпы сомасы 55,3 млрд. теңгеге «Logic Business» ЖШС, «Logic Invest Capital» ЖШС және «Дана» инвестициялық үйі» ЖШС, тиісінше 14,8 млрд. теңге және 1,5 млрд. теңге мөлшерінде «БТА Банк», «Альянс Банк» .	208,7
2013 жылғы қызмет қорытындылары бойынша есептелген Қордың еншілес ұйымдарынан, негізінен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-дан дивидендік кірістің өсуі (44,2 млрд.теңге).	35,5
бағам айырмасынан кірістер	10,0
«БТА Банк» бойынша тоқтатылған қызметтен 2014 жылғы шығындар (-19,2 млрд.теңге), «Альянс Банк» (-31,6 млрд.теңге), және «Темірбанк» бойынша таза кіріс (12,5 млрд.теңге).	-38,0
Корпоративтік табыс салығының, негізінен Қордың КО өсуі	-12,6
Операциялық емес шығыстардың өсуі (нетто) (Шекербанк құнсыздануының көрінісі)	-10,4
ЖӘШ, оның ішінде Қордың КО демеушілік және қайырымдылық көмекке шығыстардың (2,3 млрд.теңге) және консультативтік және ақпараттық шығыстардың (1,1 млрд.теңге) өсуі.	-3,6
өзгелер	-6,4

3. ӨТІМДІЛІК

3.1 Ақша қаражатының қозғалысын талдау

млрд. теңге

Атауы	2014 жыл	2013 жыл	Ауытқу
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза түсімі	658	473	185
Инвестициялық қызметке ақша қаражатын таза жұмсау	-827	-1 701	874
Қаржы қызметіне ақша қаражатының таза түсімі / (жұмсау)	602	492	110
Ақша қаражатының және оның баламаларының таза ұлғаюы /	434	-736	1 169

Атауы	2014 жыл	2013 жыл	Ауытқу
(кемуі)			
Айырбастау бағамдары өзгерісінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері	60	8	52
Кезең басындағы ақша қаражаты және оның баламалары	741	1 468	-727
Кезең соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары	1 234	741	493

Факторлар	Өзгеріс, млрд. теңге
Операциялық қызметтен ақша ағыны, негізінен мыналарға байланысты ұлғайды: • 2013 жылы ҚДБ операциялық қызметі бойынша теріс ақша ағыны (131 млрд. теңге сомаға); • ЕДБ берген қарыздарды қайтару сомасының ұлғаюы (65 млрд. теңге); • Төленген табыс салығы көлемінің ұлғаюы (-30 млрд. теңге).	185
Инвестициялық қызметтен ақша ағыны, негізінен мыналарға байланысты ұлғайды: • банктік депозиттерді қайтару осмасының ұлғаюы (625 млрд. теңге); • «Қазцинк» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлестерін (29,8221%) 2013 жылы сатып алуға байланысты қауымдасқан компаниялардың сатып алулары бойынша ақша қаражатының істен шығу сомасының азаюы (249 млрд. теңге); • Негізгі құралдарды сатып алуды қысқарту (209 млрд. теңге); • еншілес ұйымдарды, оның ішінде «ЕМАЭС 1» АҚ (-233 млрд.теңге), ҚазақТүрікМұнай (-20,2 млрд.теңге) сатып алу.	874
Қаржылық қызметтен ақша ағыны, негізінен мыналарға байланысты ұлғайды: • жарғылық капиталға жарналар көлемінің ұлғаюы (64 млрд.теңге); • қарыздарды өтеулер/түсімдері бойынша ақша қозғалысы көлемінің азаюы (нетто 119 млрд. теңге); • Акционерге өзге бөлулер бойынша ақша төлемдерінің ұлғаюы (-56 млрд.теңге).	110

3.2 Қаржылық тұрақтылықты талдау

31.12.2014 жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған борышы 2013 жылғы 31 желтоқсанмен салыстырғанда 1 785 млрд. теңгеге немесе 34%-ға ұлғайды және 6 989 млрд. теңгені құрады (1-кестені қараңыз).

1-кесте. Топтың шоғырландырылған борышының құрылымы және серпіні

млрд. теңгемен	2014 жыл	2013 жыл	өзгеріс	%-бен
Қарыздар	5 642	3 974	1 668	42%
ҚР Үкіметінің қарыздары	414	269	145	54%
Жобаға қатысу үлесін сатып алуға берешек	106	89	18	20%
Қаржылық жалдау бойынша міндеттеме	21	242	-221	-91%
Средства клиентов	2	1	2	308%
Туынды қаржылық инструменттер	396	322	74	23%
Өзгелер	407	307	100	33%
Борыштың жиыны	6 989	5 204	1 785	34%
Минус: ақша қаражаты және оның баламалары	-1 234	-741	-493	67%
Таза борыштың жиыны	5 754	4 463	1 292	29%

Шоғырландырылған борыштың негізгі ұлғаю себептері мыналар:

Бұдан бұрын топ ішінде қалдық ретінде алып тасталған тиісінше 656.323 миллион теңге және 106.820 миллион теңге сомаға істен шыққан еншілес ұйымдар БТА Банк пен Альянс банк сатып алған, істен шығу күнгі Топтың облигациялары.

2014 жылғы ақпандағы теңгенің АҚШ долларына девальвациялануы 558.847 миллион теңге сомаға алынған қарыздардың ұлғаюына да әкеп соқтырды.

2014 жылғы қарашада ҚМГ ҰК Лондон қор биржасына облигациялардың қосымша шығарылымын жүзеге асырды: өтеу мерзімі 2044 жылы және орналастыру бағасы номиналдың 98,631%-ы болатын 6,10% сыйақы ставкасымен – 1 миллиард АҚШ доллары (шығару күнгі бағам бойынша 180.870 миллион теңге); өтеу мерзімі 2025 жылы және орналастыру бағасы номиналдың 99,392%-ын құрайтын, 4,95% сыйақы ставкасымен – 0,5 миллиард АҚШ доллары (шығару күнгі бағам бойынша 90.435 миллион теңге);

2014 жылы ҚМГ ҰК «Шымкент мұнай өңдеу зауытын қайта құру және жаңғырту» жобасын қаржыландыру мақсатында 400.000 мың АҚШ доллары (алған күнгі бағам бойынша 72.348 миллион теңге) сомасына «Ресей жинақ банкі» ААҚ-дан ұзақ мерзімді қарыз алды.

2014 жылғы қыркүйекте ҚТЖ ҰК және оның еншілес ұйымдары, «Локомотив» және «KTZ Express» АҚ Еуропа Қайта құру және Даму банкінен кредит шарты шеңберінде 30.000 миллион теңге алды.

«Екібастұз МАЭС-1» ЖШС-дан 50% қатысу үлесін және «Қазгидротехэнерго» ЖШС-дан 100% қатысу үлесін сатып алу мақсатында Қор 2014 жылғы қаңтарда 15 жыл облигациялардың айналым мерзімімен және тиімді ставкасы 6,68% болатын жылдық 3% мөлшерінде купондық сыйақысымен жалпы сомасы 300.000 миллион теңгеге бір облигацияға номинал құны 1.000 теңге болатын 300.000.000 купондық облигация орналастырды. Облигацияларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сенімгерлік басқару құқығында Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен сатып алды, Дисконт орналастыру кезінде 100.000 миллион теңгені құрады.

2014 жылғы маусымда «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясы» АҚ Еурооблигацияның екі траншын Швейцария қор биржасына шығарды: 2,590% пайыздық ставкамен және 2019 жылғы 20 маусымда өтеу мерзімімен - 100.000 мың швейцар франкі сомасына (шығарған күнгі бағам бойынша 20.439 миллион теңге) және 3,638% пайыздық ставкамен және 2022 жылғы 20 маусымда өтеу мерзімімен 185.000 мың швейцар франкі (шығарған күнгі бағам бойынша 37.814 миллион теңге).

2014 жылы ішінде ҚМГ ҰК еншілес ұйымы «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС хош иісті көмірсутегін өндіретін кешен құрылысын қаржыландыру үшін Қазақстанның Даму Банкінен 1,316 миллион АҚШ долларына кредит желісін беру туралы келісім шеңберінде 233 миллион АҚШ долларын алды (алған күнгі бағам бойынша 40.632 миллион теңгеге баламалы) алды.

2014 жылғы қаңтарда Қор 400 миллион АҚШ доллары (төлем күнгі бағам бойынша 61.904 миллион теңгеге баламалы) мөлшерінде Қытай Мемлекеттік Даму Банкі алдындағы қарыздарын ішінара мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырды.

2014 жылдың қорытындылары бойынша шоғырландырылған борыштың мөлшерін ұлғайту қаржылық тұрақтылық көрсеткіштеріне теріс әсер етті.

Мәселен, Топтың капиталына борыштың ара салмағы 2013 жылы 0,7-ден 2014 жылы 0,9-ға дейін ұлғайды, EBITDA-ға Топ борышының ара қатынасы 2013 жылы 3,1-ден 2014 жылы 4,6-ға дейін ұлғайды (2-кестені қараңыз).

2-кесте. Топтың ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылығының көрсеткіштері

	2014 жыл	2013 жыл
Борыш / EBITDA ⁶	4,6	3,1
Борыш / Капитал	0,9	0,7

Екінші деңгейдегі банктерді есептемегенде, Топтың шоғырландырылған борышы 1 475 млрд. теңгеге ұлғайды және 2014 жылғы 30 желтоқсандағы жағдай бойынша 6 989 млрд. теңгені құрады. Меншік капиталдың мәні екінші деңгейдегі банктерді есептемегенде, 2014 жылдың соңында 8 095 млрд. теңгені құрады (3-кестені қараңыз).

3-кесте. Топтың негізгі қаржылық көрсеткіштері (ЕДБ қоспағанда)

млрд. теңгемен	2014 жыл	2013 жыл	өзгеріс	%-бен
Борыш	6 989	5 514	1 475	27%
Капитал Группы	8 095	7 494	602	8%

Топтың қаржылық тұрақтылығының көрсеткіштері екінші деңгейдегі банктерді есептемегенде, 2014 жылғы қорытындылар бойынша жағымсыз нәтижені көрсетеді. Топтың капиталына борыштың ара қатынасы 2013 жылғы 0,7-ден 2014 жылы 0,9-ға дейін ұлғайды, EBITDA-ға Топ борышының ара қатынасы 2013 жылғы 3,3-тен 2014 жылы 4,5-ке дейін ұлғайды (4-кестені қараңыз).

⁶ EBITDA – есептік күні өткен 12 (он екі) айға салықтар, амортизация (материалдық және материалдық емес активтер) және пайыздық сыйақы бойынша шығыстарға дейінгі таза кіріс.

4-кесте. Топтың ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылығының көрсеткіштері (ЕДБ қоспағанда)

	2014 жыл	2013 жыл
Борыш / EBITDA	4,5	3,3
Борыш / Капитал	0,9	0,7